# 2015 – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ЖЫЛЫ


# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6 АҚПАН ЖҰМА | 2015 жыл №18-19 (18906-18907) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz


## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ЖЫЛЫНЫҢ АШЫЛУЫНА АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

**Қымбатты отандастар, құрметті қазақстандықтар!**

Бүгін елімізде менің Жарлығыммен жарияланған Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы ресми ашылып, басталады.

Жыл, ең басты ортақ құндылықтарымыз – Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді, бірлігімізді, Қазақстан халқының бейбітшілігі мен келісімін сақтауға арналады.

Осыдан 20 жыл бұрын, 1995 жылдың 1 наурызында біздің қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтауға арналған бірегей институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойдым.

Осы уақыт аралығында Ассамблея шынайы түрде жалпыхалықтық, азаматтық, саяси мүдделерден жоғары тұрған ұйым ретінде танылды, конституциялық мәртебеге ие болды. Бүгінгі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын маңызды құрылымға айналды.

Сондықтан Ассамблея жылы – 17 миллион қазақстандықтардың ортақ мерекесі. Еліміздің әрбір азаматы атамекеніміздегі бейбітшілік пен келісімді сақтауға жауапты екенін айқын сезінуі керек. Бұл – Қазақстан болашағының негізі.

Ассамблея жылы «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына жетудің нақты істері мен жаңа жетістіктері жылы болады. Біз «Нұрлы Жол – Болашаққа бастар жол» деп аталатын жаңа экономикалық саясаттың негізгі міндеттерін іске асыруға кірістік.

Ассамблея жылы Конституцияның 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығы сияқты маңызды оқиғаларға толы.

Бұл жыл ортақ тарих пен тағдыр мәңгілікке біріктірген халқымыздың бірлігін паш ететін жыл. Қазақстан – бұл біртұтас жер, біртұтас халық, ортақ болашақ!

Сондықтан, Ассамблея жылының басты идеясы – «Менің Елім – Мәңгілік Ел!».

Мен барлық қазақстандықтарды Ассамблея жылының басталуымен құттықтаймын!

Егемендік, бірлік және келісім рухы болашаққа деген сенімімізді арттырып, күш-қуатымызды еселесін! Біз, тағдыры ортақ, бірлігі жарасқан біртұтас елміз!

Біздің қазақстандық жол – бейбітшілік, келісім және даму жолы!

**Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы** **Н.НАЗАРБАЕВ.**

● БІРЛІК БАСТАУЫ

# ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ҰЛЫ ИДЕЯСЫ



**Бүгін еліміздің барлық облыс, аудан орталықтарында Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ресми ашылуы өтеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы – тарихи қажеттілік. Ол 20 жыл ішінде қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің негізгі құраушы бөлігіне айналды.**

Өткен жылы Ассамблеяның XXI сессиясында Елбасы Ассамблея Төрағасы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылды - Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялады. Ата заңымызда еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік негізі қаланып, елдік мұраттың басты бағыттары бекітілді. Сондай-ақ, этностық азшылық құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық өлшемдерге жауап беретін қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің құқықтық негізі қаланды. Бұл жалпы адамзаттық тұжырымдарға сәйкес халықтың біртұтастығын қалыптастыруға бағытталды.

Қазақстан – тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы мемлекет. Оларды ортақ құрылымның аясына біріктірудің сара жолы – Қазақстан халқы Ассамблеясы еді. Асамблеяны құру идеясына Қазақстан қоғамының тарихи бастаулары алғышарт болды. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев ҚХА құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялаған болатын. Аталған бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болды.

1995 жылы 16 ақпанда Президент Н.А.Назарбаев еліміздегі ұлттық-мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесу өткізді. Сонда Елбасы республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт – Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құру қажеттілігі туындап отырғандығына назар аударды.

Осылайша түбірлі реформалар жылы болып табылған 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бұл тарихи күн Тәуелсіз Қазақстанның құрылуының, қазіргі мемлекеттік құрылымның орнығуының, түпкілікті әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулар жүргізудің, бейбітшілік, бірлік пен Қазақстан халқының қоғамдық келісім идеясын іске асырудың бастапқы нүктесіне айналды.

2-бет

# АЙМАҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

**ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбековтың Қызылорда облысына сапары аясында агроөнеркәсіп кешенінің мәселелеріне арналған мәжіліс өтті. Мәжіліске облыс әкімі Қырымбек Көшербаев төрағалық етті.**

Алдымен облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов аймақтың ауыл шаруашылығы саласының жай-күйін баяндады.

Облыс халқының 60 пайыздан астамы ауылдарда тұратындықтан, халықтың басым бөлігінің күнкөрісі ауыл шаруашылығы саласымен байланысты. Облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамыту Жол картасына халықаралық ұйымдармен, инвесторлармен қарым-қатынасты дамыту бағыты енгізілді. Хабарламашы аталған Жол картасының негізгі бағыттарына тоқталды.

Жыл сайын облыста 160 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Негізгі дақыл – күріш. Егіс көлемін әртараптандыру бойынша 2017 жылға қарай күріш егістігін біртіндеп 70 мың гектар көлемінде тұрақтандыру, басқа дақылдар егісін арттыру жоспарланды. Күріш көлемі азайғанмен, сапалы тұқым, сауатты агротехнологиялық



шаралар арқылы өнімділігін көтеру көзделген. Шаруашылықтарды әртараптандыруға ынталандыру үшін күрішке төленетін субсидия төмендеп, есесіне мал азықтық, майлы, картоп, көкөніс, бақша дақылдарының субсидиясы көтерілді. Министрлік күрішке субсидия беру қағидасына өзгерістер енгізу үшін берілген ұсыныстарды қолдады.

Мал шаруашылығындағы басым бағыт ет өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар ашып, оны экспортқа шығару болып отыр. Биылдан бастап 100 тонна ет өнімдерін экспортқа шығару жоспары нақтыланған. Осы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру үшін облыста ветеринариялық бақылау басқармасы құрылды. Тауарлы-сүт фермаларына, оның ішінде кіші тауарлы-сүт фермаларына басымдық берілмек.

Аймақтағы балық шаруашылығының даму әлеуеті жоғары. Облыста жылына 11 мың тонна балық өңдейтін 8 зауыт жұмыс жасайды. Соңғы 2 жылда құны 4,6 млн. АҚШ доллары болатын 1000 тоннаға жуық балық өнімдері Еуропа елдеріне экспортталды.

Бірқатар шетелдік компаниялар облыста ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласына қаржы салуға ынта білдіріп отыр. Германиялық инвестор қарбыз шырынын жартылай фабрикатқа айналдыруға, «Евразия Агро Холдинг» компаниясы итальяндық «Ferrara Food» агро-өндірістік компаниясымен бірлесіп, тамшылатып суару әдісімен қызанақ өсіруге және томат пастасын шығаратын зауыт ашуға ниет танытып отыр. Израильдік инвесторларға тамшылатып суару әдісі арқылы дән жүгері дақылын егуге 10 мың гектар жер дайындалды.

Көкөніс сақтайтын қоймаларды «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы бойына салып, сауда логистикасын құрудың мүмкіндігі мол. Дүниежүзілік, Еуропалық және Азия даму банктерімен, Ислам қаржыландыру жүйесінің өкілдерімен қарым-қатынас орнауда.

Мәжілісте күріш өсірушілер және өңдеушілер ассоциациясының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев суармалы жерді пайдаланудағы түйткілдерге, егістіктердің мелиоративтік жағдайына тоқталды. Жерді қалпына келтіру жұмыстарын атқаруға жер пайдаланушылардың шамасы жете бермейді. Егістікті тегістеуге жұмсалған шығындарды субсидиялау қажеттігі туындап отыр. Төраға күріш егістіктерінде қолданылатын тыңайтқыштарды өзімізде өндірудің уақыты келгенін атап өтті. Сонымен бірге күріш дақылын түрлі аурулардан қорғайтын фунгицидтерге субсидия төлеу жолын қарастыруды ұсынды.

Күріш өсірушілердің басты мәселесінің бірі – судың тарифі. Су бағасы соңғы рет 2010 жылы қымбаттағанда бірден 3 есеге көтерілген еді. «Қызылорда су шаруашылығы» тарифті өсіруді жоспарлап отыр. Су шаруашылығының қазіргі жағдайында бағаны ұстап тұру мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен, диқандардың жағдайын да ескеру керек. А.Ералиев тұқымды субсидиялаудың кейбір мәселелеріне де тоқтап өтті.

«Сұңқар» ШҚ төрағасы Исахан Құлмағамбетов ет өндірудегі атқарған жұмыстарын айтты. Шаруа қожалығының басшысы мал бордақылау алаңдарында өндірілетін етті тұтынушыға жеткізетін операторды белгілеуді ұсынды. Бұл өнім өндірушінің кәсібін өркендетуге қолдау болар еді.

ҚР АШМ Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев мәжілісте суға қатысты қойылған сауалдарға жауап берді. Алдағы уақытта су тапшылығы болатыны байқалады. «Тоқтағұлдағы» су деңгейі былтырғыдан көп төмен. Қазіргі келіп жатқан су өте аз. «Қайраққұм» су қоймасында су көлемі былтырғыға қарағанда біраз кем. «Қазгидромет» таудан еритін қар көлемін де жылдағыдан аз деп отыр.

Комитет төрағасы Шиелі тоспасына бөлінген қаржы жайын, тоспаны тез арада жөндеп бітірудің маңызын атап өтті. Су бағасының көтерілуі есеппен жасалған қадам. Соңғы 5 жылда баға тұрақты болды. Мамандарды ұстап қалу, қондырғыларды уақытылы жөндеуден өткізу үшін тарифті өсіру керек.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбеков соңғы жылдары енгізілген субсидиялаудың нормалары туралы айтты. Биыл бюджеттік бағдарламалардың қысқарып жатқанына қарамастан, субсидия көлемі одан әрі ұлғаймақ. Жыл басынан бері ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін кәсіпкерлер жеке табыс салығынан босатылды. Министр инвестициялық субсидияның артықшылықтары туралы айтып берді. Негізгі капиталға салған шығынның 80 пайызына дейін қайтару тетігі іске қосылып, былтыр шаруаларға 15 млрд. теңге субсидия берілген. Мәселен, кәсіпкер ферма ашса, техника мен қондырғылар құнының жартысы қайтарылады. Тамшылатып суаруды енгізсе, көкөніс қоймасын салса шығыны субсидияланады. Бизнес фунгицидтерді өзі сатып алса, оны субсиядиялау жолдары қарастырылмақ.

Қызылорда облысында егілетін 24 тоннадай күріш тұқымының 10 пайызы ғана элиталық тұқым. Диқандар сол тұқымды тауар ретінде сатады. Бұл мал шаруашылығындағы асыл тұқымды бұқаны сойып жегенмен бірдей.

Судың тарифін бірден көтеру шаруаларға тиімсіз екені белгілі. Су – тыңайтқыш, тұқым секілді тауар. Министр су тарифіне қатысты құрамында бизнес өкілдері, шаруашылық басшылары, БАҚ өкілдері бар қоғамдық комиссия құруды ұсынды. Тарифтерді жоғарылату каналдарды, шлюздерді және басқа да су шаруашылығы нысандарын қалпында ұстауды, мамандарды тұрақтандыруды қамтамасыз етеді. Су – агробизнестің басты активі болғандықтан, тарифке қатысты екі жақ бір мәмілеге келу керек. Бір жағынан бағаның өсуі табиғи ресурсты үнемдеу бойынша жаңа технологияларды енгізуге итермелейді. Министрлік күріштіктерді тегістейтін мелиоративтік техникаларға субсидия төлеуге дайын.

Сөзінің соңында ведомство басшысы Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы өнеркәсібінің қарқынына, жергілікті «Байқоңыр» ӘКК-ның жұмысына жоғары баға берді.

Кездесу соңында Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қызылорда облысы әкімдігі арасында ауыл шаруашылығын әртараптандыру, «ҚазАгроҚаржы» АҚ мен облыс әкімдігі арасында ауыл шаруашылығы өнеркәсібін дамыту туралы меморандумдарға қол қойылды.

### ҚҰРАМА ЖЕМ ЗАУЫТЫ АШЫЛАТЫН КҮН ЖАҚЫН

Бейсенбі күні Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков «Жан Арай Жем» серіктестігі құрама жем өндіру зауытының құрылыс жұмысымен танысты. Зауыт наурыз айында толық іске қосылмақ.

Тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін зауыт іске қосылған кезде 48 жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр. Серіктестік директоры Мұрат Айменовтің айтуынша, кәсіпорынның құрал-жабдықтары мен құрылысына 375,9 миллион теңге жұмсалды. Сыртқы инфрақұрылым желілері – газ, су, кәріз және электр желілері жеткізілді. Зауытта Германиядан әкелінген жем шығаратын «Петкус» фирмасының қондырғылары орнатылды. Енді құрал-жабдықтарын электр желілеріне қосу жұмыстары жүргізілуде.

– Зауыт сағатына 5 тонна, жылына 30 мың тонна жем шығарады. Біз мал шаруашылығымен айналысатын аймақ кәсіпкерлері мен тұрғындарын жеммен қамтамасыз етпекпіз, – деді Мұрат Айменов.

4-бет

## Облыс әкімінің орынбасарлары тікелей эфирде

«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының тікелей эфирінде облыс әкімінің орынбасарлары сұхбат береді. Жыл қорытындысы, Елбасы тапсырмаларының облысымызда орындалуы, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық, индустриалды-инновациялық дамуы, өңірдегі өркенді істер мен өзекті мәселелер әңгімеге арқау болады.

**9 ақпан** күнгі тікелей эфирдің қонағы - облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі **Қожаниязов Серік Салаватұлы** - ауыл шаруашылығы, жер және су қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалану, кәсіпкерлік және туризм, Байқоңыр қаласындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша;

**10 ақпан** облыс әкімінің орынбасары **Әлібаев Нұржан Нұрмағамбетұлы** - энергетика, газбен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, табиғи монополияларды реттеу, құрылыс, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, төтенше жағдайлар мен жұмылдыру дайындығы мәселелері бойынша;

**12 ақпан** облыс әкімінің орынбасары **Әміреев Ғалым Махмутбайұлы** - индустриялық-инновациялық даму, өнеркәсіп кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша;

**13 ақпан** облыс әкімінің орынбасары **Годунова Наталья Николаевна** - еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау, экономика, қаржы мәселелері бойынша;

**16 ақпан** облыс әкімінің орынбасары **Рауан Кенжеханұлы** - ішкі саясат, білім беру, спорт, денсаулық сақтау, мәдениет мәселелері бойынша **тұрғындардың толғандырған сауалдарына тікелей эфирде жауап береді.**

Егер Сізді мазалап жүрген мәселелер және көкейлеріңіздегі сауалдар болса, онда студия қонақтары – облыс әкімінің орынбасарларына өз сауалдарыңызды алдын ала 27-90-75 және тікелей эфир кезінде 27-90-20 байланыс телефондары арқылы қоюларыңызға болады.

**Облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасындағы тікелей эфир уақыты сағат 19.00.**

# САН ҰЛТҚА САЯ СЫР ЕЛІ,

**Тату елдің әманда туы биік болары белгілі. Бұған сан ұлтқа сая болған еліміздің бірлігі, берекелі тірлігі айғақ болып отыр. Мақсат пен мүддесі бір Қазақстан халқы осы ынтымақтың арқасында талай асқаралы асуларды алды. Биыл елдегі береке мен бірлікке негіз болған Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толады. Осыған орай облыста атқарылар шаралар ауқымы жөнінде ҚХА облыстық хатшылығының басшысы Ләйла Төрешовамен сұхбаттасқан едік.**

## АТАУЛЫ ЖЫЛ АЙМАҚТА АЙРЫҚША АТАЛЫП ӨТЕДІ



*– Биылғы жыл тарихта қалатын ерекше жыл екені белгілі. Яғни, Ата Заңымыз бен Қазақстан Халқы Ассамблеясына – 20 жыл, қазақ хандығына – 550, Ұлы Жеңіске 70 жыл толмақ. Осы атаулы күндер республиканың түкпір-түкпірінде кең көлемде аталып өтеді. Бүгінде шаралар легі басталып та кетті. Осыған орай Ассамблея жылына байланысты біздің өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтсеңіз?*

– Осыдан 20 жыл бұрын Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Негізінен Ассамблея қызметінің арқасында елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Сонымен қатар бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына орасан үлес қосып келеді. Сондай-ақ, елімізде этностардың мәдениеті, тілі, дәстүрінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Міне, биыл Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толады. Осыған орай Ассамблеяның құрылымын нығайту мен сапасын арттыру мақсатында Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен республикамызда ауқымды жұмыстар атқарылуда. Сыр өңірінде де атаулы мерекеге орай кең көлемдегі іс-шаралар өтуде. Атқарылған жұмыстардың бірқатарына тоқталып өтсек, облыс әкімі аппаратының "Қоғамдық келісім орталығы" құрылып, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде "Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы" ашылды. Қазіргі таңда онда студенттерге "Қазақстан этностарының тарихы", "Әлеуметтану", "Қазақстандағы этносаралық қатынастар", "Қазақстандағы этностардың тарихы мен мәдениеті", "Әлеуметтік этнография және демография", "Этносаясат негіздері" және "Конфликтология" пәндерінен дәріс беріліп келеді. Тағы бір айта кетерлігі, облыстық ассамблея жанынан Аналар кеңесі құрылды. Оған қоса өңірдегі барлық елді мекендерде қоғамдық келісім кеңестері жүйелі жұмыстар атқаруда. Сонымен қатар облыстық ассамблеяның бастамасымен көпэтносты мектептерде толеранттылық клубы ашылды. Ассамблея жылына орай Ә.Тәжібаев атындағы кітапханадағы кітап көрмесі оқырманды қуантты. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ "Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының" ұйымдастыруымен "Этноәлеуметтік және этноконфессияаралық үрдісті тиімді басқару" тақырыбында маңызды семинар өтті. Облыс әкімінің төрағалығымен өткен сәулет және қала құрылысы кеңесінде "Алтынсарин" кинотеатрын "Достық үйі" етіп қайта жаңғыртудың эскизі құпталды. Мұның бәрі де ұлттар татулығы жолында жасалып жатқан жұмыстар болып табылады.

*– Ассамблеяның 20 жылдығына арналған жобалардың бірі – "Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы" мега жобасы. Бұл жоба өңірде қаншалықты деңгейде орындалуда?*

– Жалпы "Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы" мега-жобасын жүзеге асыру негізінде өткен жылы облыста кең көлемдегі іс-шаралар жүзеге асып, өз деңгейінде орындалды. Осы орайда жоба аясында достық пен келісімді нығайту, этносаралық қатынастар мәдениетін жандандыру және патриотизмді қалыптастыра отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының маңыздылығын насихаттау мақсатында "Сыр елі – достық мекені" атты көшкеруені болып өтті. Көшкеруен шарасында бірлік пен татулықты насихаттауға арналған маңызы бар кездесулер, көрмелер, меркелік бағдарламалар ұйымдастырылды. Және де "Қазақстанға ыстық ықыласпен" атты әлеуметтік жобасы іске асты. Бірнеше мемлекеттерге қоныс аударғандар елге келіп, қаламыздың көрікті жерлерін аралап, танысып шықты. Этномәдени бірлестіктер тарапынан концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, еліне деген сағыныштары мен ой-пікірлерімен бөлісті. Аталмыш мега-жоба аясында өткен ірі бағдарламалардың бірі "Евразия" цирк-шапито болды. Сыр еліндегі этномәдени бірлестіктер цирк бағдарламасын арнайы мектеп-интернаттары, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың тегін тамашалауына жағдай жасап, қайырымдылық акцияларын өткізді. Қайырымдылық акциясында 700 бала қамтылды. Тағы бір айта кетерлігі жоба аясында іс-шаралар ауқымы кеңейіп, одан әрі жалғасын тапты. Мәселен, түріктермен бірге қазақтар, әзірбайжан, кәріс, орыстар еңбек ететін "Аккорд-Окан біріккен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамының көпұлтты жұмысшыларымен кездесу өткізді және этномәдени бірлестіктердің жетекшілерінен, белсенді өкілдерінен құралған ақпараттық-насихаттық топ ауыл, елді мекендерді, аудан орталықтарын және мекемелерді аралап, Елбасы Н.Назарбаевтың этносаралық және қоғамдық келісім, ұлттар татулығы мен достығын нығайтуды қалыптастыру мақсатында жүргізіп отырған сарабдал саясатын, "Мәңгілік ел" ұлттық идеясын насихаттады. Ал осы мегажоба негізінде "Бірлігіміз жарасқан" атты керуен "Ақшабұлақ" кенішінде "ҚазГерМұнай" біріккен кәсіпорнының жұмысшыларымен кездесу ұйымдастырды. Тіпті түрлі мерекелер қарсаңында мекемелер мен балалар, қарттар үйін аралап, оларға қолдау көрсету мақсатында іс-шараларды өткізуді дәстүрге айналдырып келеміз.

Жалпы "Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы" мегажобасы аясында барлығы көмекке мұқтаж 190 адамға қолдау білдірген. Сонымен қатар жоба аукымындағы шаралар облыстың барлық аудандары мен шалғай елді мекендерінде де орын алды.

Ең бастысы "Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы" мегажобасы аясында "Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 жақсы іс" эстафетасы шеңберінде облыс көлемінде түрлі мекемелердің ұйытқы болуымен балалар ауруханасында, мүмкіндігі шектеулі балғындар үйінің тәрбиеленушілеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандарға, жалғызбасты этнос өкілдеріне, қарттар мен тұрмысы төмен отбасыларына қайырымдылық акциялары, концерттік бағдарламалар, шығармашылық кештер, экскурсиялар ұйымдастырылып, игі жұмыстар атқарылды.

*– Ең маңызды сәттің бірі Ассамблеяның ашылу салтанаты болып табылады. Атаулы күнді қалай қарсы аласыздар?*

–Ассамблеяның ашылу салтанаты жоғары деңгейде өтеді. Бұл шара барлық аудандарда да жүзеге асырылатын болады. Және де ашылу сәті күнінде түрлі іс-шаралар қаланың әр аумағында аталып өтеді. "Мұз айдыны" спорт кешенінде облыстық дене тәрбиесі мен спорт басқармасының ұйымдастыруымен "Әкем, анам және мен – спортсүйер отбасымыз" атты эстафеталық сайыс өтіп, оған 10 отбасы қатысатын болады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының Туын көтерген автошеру "Сыр Ана " монументінен бастау алып, орталық алаңға келеді. Оған жастар ұйымдарының мүшелері мен этномәдени бірлестіктерінің белсенді өкілдері қатысады. Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында этномәдени бірлестіктің ұйытқы болуымен көрме ұйымдастырылады. Одан әрі Орталық алаңда Қазақстан халқы Ассмаблеясының Туын көтеру рәсімі салтанатты түрде орындалады. Ту көтеру құрметі облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухамановқа, корей ұлтының ұлттық батыры Ге Бон У-дың ұрпағы Ге Хак Римге және облыстық ассамблеяның мүшесі Ильдар Гафуровтарға ұсынылады. Бұл рәсімнен кейін жастардың қолдауымен "Жастар қоғамдық келісімді қолдайды" флеш-мобы өтеді. Одан кейін облыстық драма театрында "Менің елім-Мәңгілік ел" атты концерттік бағдарлама көпшілік назарына ұсынылады. Ауруханалар мен қонақ үйлерінде Ассамблея жылының салтанатты ашылуы тікелей ұйымдастырылады.

*– Тілі басқа болғанымен тілегі бір, жүзі басқа болғанымен жүрегі бір жүздеген ұлт пен ұлыстың Қазақстанды өз Отаны санауының сыры неде?*

– Сан ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстырған қазақ халқын барлығы да қонақжай, мейірімді ел ретінде бағалайтыны жасырын емес. Сонау қиын кезеңдерде атамекендерін тастап, елімізге қоныстанған ұлттарды өзекке теппей, қайта бауырындай құшағына басқан қазақ халқын өз Отанымыз деп санайды. Тіпті мәдениеті, тілі, ділі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі біте қайнасып кеткен елдердің татулығы нығайып, достығы арта түсті. Біз ең бастысы осы қасиетімізбен көпті таңғалдырып, үлгі болып келеміз.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**



## ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ҰЛЫ ИДЕЯСЫ

1-бет

Ассамблеяның басты мақсаты ретінде Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жанғыруы мен дамуын қамтамасыз ету, өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болатындығы айқындалды. Барлық облыстарда кіші Ассамблеялар құрылып, олардан сессияға 260 делегат сайланды. Сессия 1995 жылы 24 наурызда Алматы қаласында өтті және оның құрамына 40 ұлттық-мәдени орталық өкілдері енді. Сессияда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев баяндама жасап, Ассамблеяның ұйымдастырушылық құрылымдары белгіленді.

1995 жылы сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясы республика тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтерді. Мұндай маңызды қоғамдық бастамадан кейін іс жүзінде Ассамблея көпэтносты Қазақстан халқын топтастыратын белсенді қоғамдық институтқа айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы Конституцияның қабылдануына да үлкен қолдау білдірді. Бұл тарихи оқиғалар еліміздегі қоғамдық-саяси және құқықтық ахуалға оң өзгерістер әкелгені баршамызға аян.

2007 жылы Ассамблея конституциялық орган мәртебесіне ие болып, оның конституциялық кепілді парламенттік өкілдігі – ҚР Парламенті Мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығы қамтамасыз етілді.

Ал 2008 жылғы 20 қазандағы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы Ассамблеяның құрылымы мен қызметінің, оның елдегі қоғамдық-саяси жүйесінде алатын орны мен рөлінің нормативтік-құқықтық реттелуін заңнамалық негізде қамтамасыз етіп, оның конституциялық парламенттік өкілдігін іске асырды. Бұл жылдары Ассамблеяның негізгі стратегиялық құжаттары – «Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы», «Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы» қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін көрсетіп келеді. Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне де ықпал етуде.

Жалпы алғанда Ассамблея жұмысының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі қалыптасып, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы орнады.

Ассамблеяның жергілікті жерлердегі құрамы этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік мүшелерін, мемлекеттік орган өкілдерін және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғалардан тұрады. Бейбітшілік бесігін тербетіп, бақыт ордасына айналған қасиетті Сыр өңірінде бүгінгі таңда грек, еврей, қырғыз, корей, неміс, славян, татар, түрік, өзбек, шешен және «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» секілді 11 этномәдени орталық ұлттық салт-дәстүрін жаңғыртып, мәдениет саласының өркендеп, бірліктің беки түсуіне өз үлестерін қосып келеді.

Қоғамдық келісім мен бірлікті қамтамасыз ету – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуының маңызды шарты. Елдің экономикалық өсуі, әлеуметтік прогресс пен демократиялық дамуы қоғам бірлігінің шоғырлануы мен сақталуы жағдайында ғана мүмкін.

Қазақстан бір мақсат, ортақ құндылықтар, «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы айналасында бірыңғай азаматтық қоғамдастықты нығайтатын көпэтносты және көпконфессиялы ел болып табылады. Сондықтан дәл осы Ассамблея жылының басты идеясы – «МЕНІҢ ЕЛІМ - МӘҢГІЛІК ЕЛ» болуы тарихи заңдылық.

Ол біздің елдің халқын біріктіретін және болашақ іргетасын құрайтын Мемлекет Басшысының «Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» және «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауларында көрсетілген басты құндылыққа негізделеді.

**Уәлихан ИБРАЕВ,**
**Қызылорда облысы әкімі аппараты қоғамдық келісім орталығының бөлім басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты.**

## ОБЛЫСТАҒЫ ЭТНО-МӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕР

| | ЭМБ атауы | Тіркелген уақыты | Мекен жайы | Жетекшісінің АЖТ |
|---|---|---|---|---|
| 1. | "Гректердің "Понтийцы" Қызылорда облыстық грек қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 10.08.2004 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Алхазов Федор Филиппович |
| 2. | "Қызылорда облыстық түрік қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 22.12.2004 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Гейдарова Гульчин Ансеровна |
| 3. | "Қызылорда облыстық татар қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 28.08.2001 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Ғизатуллина Ғалия Камлиевна |
| 4. | "Вайнах" Қызылорда облыстық шешен қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 30.05.2003 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Исаев Мовлади Магамедович |
| 5. | "Lev ami" Қызылорда облыстық еврей қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 30.03.2006 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Ли Людмила Ивановна |
| 6. | "Кәрістер Ассоциациясының Қызылорда филиалы" қоғамдық бірлестігі | 28.04.1997 ж. Құрылған уақыты – 1989 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Ким Елена Алексеевна |
| 7. | Қызылорда облыстық өзбек қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 11.11.2002 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Хамидов Ашур Халилович |
| 8. | "Wiedergeburt" Қызылорда облыстық неміс қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 20.11.1998 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Шек Ирина Николаевна |
| 9. | "Славяне қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 16.07.1997 ж. | Қызылорда қ. Қазыбек би көшесі 21 | Щербакова Галина Сергеевна |
| 10. | "Қазақстандағы орыс қауымдастығы" қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалы | 17.07.2007 ж. | Қызылорда қ. Шымкент көшесі 24/1 | Толоконников Владимир Петрович |
| 11. | Қызылорда облыстық қырғыз қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | 10.06.2010 ж. | Қызылорда қ. Тасбөгет кенті Махамбетов көшесі, 13/2 | Жұбатқанов Сақтапберген Әнесұлы |

Қазақ елінде қай ұлттың тілі мен дінін, мәдениетін дамытуға жол ашық. Бұл достықтың бесігі саналған елдегі басты құндылықтардың бірі. Сонымен қатар соңғы жылдары балаларын қазақ балабақшасына беретін өзге ұлт өкілдерінің қатары артып келеді. Бүлдіршіндердің мемлекеттік тілді меңгеруін көздеген бұл қадам бір жағынан қазақ халқына деген құрмет болса керек.

## МИЛАНА МЕН ЛЕЙЛА ҚАЗАҚ БАЛАБАҚШАСЫНА БАРАДЫ



Облыс орталығында қазақ және орыс тілінде тәлім-тәрбие беретін 240 орындық "Жұлдыз" балабақшасына бүгінгі таңда қазақтың қара домалақ бүлдіршіндерімен қатар, өзге ұлт өкілдерінің 20-ға жуық балғыны барып жүр.

Балабақша баланы бағып қана қоймайды, баланы тәрбиелейді. «Бала тәрбиесі – бесіктен» деген ұлағатты сөз қазір де мәнін жоймаған. Балабақша қабырғасында тәрбиеленген кез келген бала оқуға тез бейімделеді. Қабілет-қарымы да, ойлау қабілеті де жоғары болады. Ойын ашық жеткізе білетін, алғыр болып өседі. Бұл күнделікті тәжірибеден белгілі. Сол тәрбиені бала бойына сіңіретін – бүгінгі тәрбиешілеріміз. Балабақша тәрбиешілері де ұлттық педагогиканы, психология мен этиканы терең меңгерген, баланың ішкі жан дүниесін түсінетін нағыз мамандар. Бала бойына патриоттық сезім де мектепке дейінгі тәрбие аясында дариды.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бүгінгі таңда тілдердің үштұғырлылығына баса мән беріп отырғандықтан, біз алдымызға балалар мектепке барғанда үш тілде ауызекі тілде сөйлеуі керек деген мақсат қойып отырмыз. Қазір балабақшаға келіп жүрген өзге ұлт өкілдерінің балалары да қазақша үйренген. Тәрбиеміз қазақ тілінде жүргізіледі, қосымша орыс, ағылшын тілін де үйретуді қолға алдық. Тәрбиешілеріміздің 90 пайызы – қазақ тілінің мамандары. Расын айтқанда, ағылшын тілі педагогына штат жоқ. Дегенмен, өзіміздің ыждағаттылығымызбен балаларға ағылшын тілін де қоса үйретіп жатырмыз, – дейді балабақша меңгерушісі Мейрамгүл Орынбаева.

Балабақшада бүлдіршіндерге заман талабына сай компьютер үйретіп, белсенді тақтамен жұмысты меңгертуді жүзеге асырады. Балаларға тәлім-тәрбие беру жұмысы өзара байланыста жүргізіледі. Спорт залында балалар жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу жаттығуларын жасай жүріп, осы сөздердің мәнін ұғады, денелерін шынықтырып, өздерін сергек сезінеді. Ал дөңгелектерге жазылған сандарға сан реті бойынша секіре отырып, олардың ретін меңгеріп, сандардың таңбалануын үйренеді. Мектепке дейінгі мекемеде логопед, музыка, өзін-өзі тану, психологиялық, хореографиялық, медициналық кабинеттер де жұмыс істейді. Бейнелеу студиясында балалар қалаулары бойынша сурет салуға машықтанады.

Балабақша тәрбиешілері мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында «Балбөбек» мемлекеттік бағдарламасымен жұмыс істейді. Әр оқу жылына арналған міндеттерге орай, педагогтар балаларды ұлттық тәрбиеге баулуға назар аударып отыр. Бір мысал. Күнделікті сабақ, ойын барысында ою-өрнектердің түрлерін кеңінен пайдаланады.

Қызы Милананы қазақ тобына берген ата-ананың бірі – Александр Цой. Үш жасар бүлдіршін үйінде де қазақша сөйлейді екен. «Мен қызымды қазақ тілді балабақшаға бергеніме өкінбеймін. Өйткені, Қазақстанда мемлекеттік тілді білмеген адам келешекте еліміздің толыққанды азаматы бола алмайды. Бұл қазақ тілін білмесең Қазақстанда тұра алмайсың деген сөз емес, әрине. Балам балабақшада мемлекеттік тілде сайрап, біліп тұрса жаман ба?! Ол қандай жұмысқа болса да іркілмей кірісетін болады. Сонымен қатар елінің патриоты болып өссін деген де тілегім бар. Үлкен екі балам да осы балабақшадан қазақ тобынан түлеп ұшты. Қазіргі кезде оқуларында алдыңғы қатарда. Өйткені, тіл білген бала қай жерде де сыйлы» – дейді Александр.

– Бізге, біріншіден, балабақшаның орналасқан жері қолайлы болды. Баламыздың болашағын ойлап, патриоттық рухта, әділдікке, ізгілікке тәрбиеленген азамат болып өсуін, өзінің қатарластарымен түсіністікте болғанын қаладық. Қызымыз Лейланың мектепке барғанша мемлекеттік тілді меңгеретініне қуанамын, – дейді баласын осы балабақшаға берген Олег Чен.

Мұнда тәрбие жұмысы тек қазақ тілінде, сондықтан, топтағы түрлі ұлт өкілдері қазақша ән айтып, тақпақ жаттап, бір-бірімен тек мемлекеттік тілде сөйлеседі. Мекеме басшылары да балаға мектеп жасына дейін тіл үйрету әлдеқайда нәтижелі де тиімді екенін айтады.

Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Бүгінгі бүлдіршін – еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Бірақ бала тәрбиесі оңай іс емес. Ал сол сәбилердің қызығы мен шыжығын көріп, еркелігін көтеріп, анасындай болып жүрген тәрбиеші қауымның атқарар ісі мен көтерер жүгі ауыр да жауапты.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

## БЕЙБІТ ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ

Қазақ елінде біз бүгінде бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүрудеміз. Барлығымыздың мақсатымыз бір, ол достық пен ынтымақтастықты ұстана отырып, еліміздің дамуына өзіндік үлес қосу болып табылады. Осы орайда Елбасы Н.Назарбаев "Көпұлтты болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз. Тату елге тыныштық орнайды, бейбіт елде ғана береке болады" деген болатын. Сан ұлтты бір арнаға тоғыстырып, салт-дәстүрін, мәдениетін, әдеп-ғұрпын сақтап қалу үшін және одан әрі жандандыру негізінде ұлттық-мәдени орталықтар белсенді қызмет атқарып келеді.

Жалпы, біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достастығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, дамыған елдер қатарына қосылды. Ең алдымен түрлі ұлт өкілдерінің ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік орнатқан осы шақта ұлттар татулығы одан әрі нығая түсетініне сенімім мол. Мәселен, өзім қызмет етіп жатқан ортамда да жылулық пен қамқорлықты үнемі сезініп келемін. Расында, қазақ халқы қонақжай, аққөңіл халық ғой. Бөле жаруды білмейтін, қайта бауырындай бауырына басатын, құшағы кең ел.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын тойлағалы жатырмыз. Осыған орай түрлі іс-шаралар өтуде. Бұған менде өз үлесімді қосатын боламын.

Тағы бір айта кетерлігі, біздің қазақ халқымен болмыс- бітіміміз біте қайнасып, тұрмыс тіршілігіміз ортақ болып кеткен. Өзімнің қазақ елінде тұрып жатқанымды мақтан етемін. Мызғымас достығы бар елдің алар асуы, бағындырар белесі зор деп ойлаймын. Біздің осы қасиетіміз көпке үлгі боларлық.

**Наталья ЖҰМАДІЛДАЕВА,**
**қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары.**

# ДОСТЫҚ ПЕН БІРЛІК ТІРЕГІ



## ТАТУЛЫҚТЫ ТӨРГЕ ОЗДЫРҒАН

**Бүгінде қазақ елінде сан ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Олар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, бірлікті бик ұстауда. Осы тұрғыда ұлттық-мәдени орталықтардың да жұмысы белсенді. Өңірімізде орын алып жатқан мәдени іс-шаралардың барлығына атсалысып, шараның мәнді өтуіне ұйытқы болуда. Міне, осындай бір шаңырақ астында бір атаның баласындай өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің бірі – орыс халқы. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған салт-дәстүрлері, әдеп-ғұрыптары, мәдениеті мен өнері жанданып, сақталып келеді.**

Орыс халқында ерекше саналатын салттың бірі ыдыс шағу сәті. Әсіресе, екі жас үйленгенде келіннің енесі ең қымбат саналатын ыдысты майдалап сындырады. Бұл дегеніміз екі жастың отауы берік болып, байлыққа, молшылыққа кенелсін деген ырым. Біздің халық секілді бұл елде де ерлер әйел затынан жоғары тұрады. Ер азамат отбасының қорғаушысы, асыраушысы және қамқоршысы ретінде бағаланады. Әйелі ерінің пайдаланған затына ұқыптылықпен қарап, құрмет білдірген. Тіпті үйленген кезде қалыңдық жарының аяқ киімін шешіп алып, биікке қоятын болған. Ал, сәби өмірге келгенде арнайы шыны ыдыста күріштен немесе бидайдан ботқа пісіреді. Оны қонақтарға тарту етеді. Ыдысқа ақшаны көп салған адам оны сындыру құрметіне ие болады. Ыдыс сынған уақытта ішіндегі ботқа қалыпын жоғалтпауы керек. Бұл дәстүр отбасы бақытқа, ырыс пен құтқа кенеледі дегенді білдіреді.

Нәрестені шіркеуден шоқындырып алып келгеннен кейін оны арнайы босағаға жатқызған. Бұл дәстүрдің мағынасы “Жас сәбиді жамандықтан босағаның киесі қақсын, әрқашан аман сақтасын, есейгенде босағасы берік болсын” дегенді меңзейді. Негізінен орыс халқында да босағаны ерекше қадірлеген. Міне, осы жағынан ұқсастықтар бар. Тағы бір айта кетерлігі орыстар жаңа үйге қоныстанғанда алғаш аулаға әтешті кіргізген. Бұл қора іші малға толсын дегенді білдіреді. Сонымен қатар жаңа үйге қоныс аударғанда ескі үйдің жанып тұрған отын немесе күлін ала кеткен. Орыс халқы ырым-тиымдарға сенгіш келеді. Терезеге, қасықтарға да қатысты ырымдар көп, солардың барлығын ұстанып жүреді. Мәселен, терезеден сыртқа зат лақтыруға болмайды. Әрбір елдің өзіне тән тағам мәзірі бар. Ұлттық тағамдарының басым бөлігі ұн өнімінен жасалатын күлшелер болып келеді. Құймақ, сан түрлі нан өнімдері және де дәнді дақылдар жармасынан жасалған ботқаларды сүйіп жейді. Әсіресе, бақша өнімдері, түрлі орамжапырақ секілді тағамға қосатын шөптер, картоп, тұздалған қиярларды күнделікті ас мәзірінде үздіксіз қолданады.

Орыс халқының дәстүрлі киім-кешектері алуан түрлілігімен, бояу нақыштарымен ерекшеленеді. Ерлері туника түріндегі және қисық жағалы жейделерді шалбар сыртына шығарып, оған белбеу тағып киген. Ал, тұрмысқа шыққан әйелдер бастарына кестемен, маржандармен әшекейленген биік төбелі бас киімді қолданған. Үстіне түрлі бояулармен кестелермен көмкерілген ұзын сарафандарды киіп шыққан.

Орыстардың ерекше тойлайтын мерекелерінің бірі – пасха. Жыл мезгіліне байланысты қысты шығарып салу және көктем мерекесі масленица да ерекше аталып өтеді. Ал, көктемнен жазға өту Троица мейрамында қыздар ағаш бұтақтарын және гүлден жасалған тәждер әкеліп, алау жағып, су шашып, жастар жағы сауық-сайран құрған. Және де мерекелер қарсаңында жәрмеңкелер ұйымдастыру да дәстүрге айналған. Жалпы, орыс халқы мерекелерді жоғары деңгейде атап өтеді. Әр мейрамға орай ас мәзірін дайындап, түрлі тағамдар жасайды. Ұлттық киімдерін киеді.

Расында әрбір халықтың өзіне тән ерекшеліктері мен құнды дүниелері бар. Бастысы, туыс халықтың өзге елде тұрып, салт-дәстүрін, тілі және ұлттық болмысын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп келе жатқаны.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

## ТАҒДЫРЫ МЕН ТАРИХЫ ҰҚСАС ХАЛЫҚПЫЗ

**Жақында Оңтүстік Кореядан Қызылордаға тарихшы, зерттеуші Кан Хен Мо арнайы келді. Біз кәріс ғалымының нендей мұралар мен құндылықтарға құмартқанын білуге талпынып, суыртпақтап сыр тарттық.**



*– Сыр жеріне қош келдіңіз. Құпия болмаса, келген сапарыңыздың мақсатын білсек...*

– Мен кәріс ұлтының қаһарманы, Кореяның тәуелсіздігі үшін күрескен қайраткер Хон Бен Доның ғұмырбаянын зерттеуге келдім. Мені Қазақстанға, оның ішінде Қызылорда жеріне жетелеген осы мақсат.

*– Сонда Хон Бен Доның тарихи бейнесі несімен қызықтырды?*

– Ол жаужүрек батыр. Дәлірек айтсақ, 1868-1943 жылдары өмір сүрген Хон Бен До 20-ғасыр басында жапондық биліктің агрессиясына қарсы партизандық жолмен күрескен тұлға. «Ыйбён» деген қозғалыстың ұйымдастырушысы болған. 1910 жылдан бастап жапондық басқыншылыққа төтеп беру мақсатында Маньчжурияда Тоннипкун армиясын жасақтаған. Ресейдегі революциядан кейін, 1918-1922 жылдары Қиыр Шығыстағы азаматтық соғысқа қатысып, Кеңестік жүйенің орнығуына атсалысады. Коммунистік партияның құрамына қабылданады. Тіпті, коммунистердің көшбасшысы Лениннің өзімен кездесіп, дидарласқан деген әңгіме де бар. Алайда, 1937 жылы Хон Бен До бір топ кәрістермен бірге Қиыр Шығыстан Қызылордаға жер аударылады. Кәріс халқының батыры 75 жасында 1943 жылы Ұлы Отан соғысы тұсында осы қалада дүниеден озды. Ол өмірінің соңғы сәттерінде кәріс театрында қарауыл болып жұмыс істепті. Осы санаулы ғұмырында ол түрлі қиындықты басынан өткерді, азапты да, қамақты да көрді. Оның ұлы мұраты – Корея жерін шетелдік басқыншылардан азат етіп, кәріс халқын біріктіру болатын. Достықты, бірлікті, тәуелсіздікті қадірлей білген. Мұндай батыр кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

*– Корея Республикасы батырына қандай құрмет көрсетіп жатыр?*

– Корея Республикасы оны мемлекеттің негізін қалауға сіңірген тұлға ретінде бағалап, еңбегін ескерді. 1960 жылдары оның қайраткерлігі мен ерлігін есте сақтау мақсатында арнайы орден де берді. Алайда, өкінішке қарай, Кореядағы 50 миллионға жуық кәрістің көбі мұндай ұлттық батыры барын мүлдем білмейді. Оның үстіне, біздің елде Хон Бен Доның ғұмырбаянын толық зерттеген еңбектер жоқтың қасы. Қилы тағдырды басынан кешірген тарихи тұлға жайлы туған халқы білуі тиіс. Сол себепті, ол туралы тың деректер табу үшін осы жаққа келген жайым бар. Айтпақшы, кәріс ұлтының аңыз-ертегілері, тарихи хикаяларын да жинап-теріп жүрмін және осындағы кәріс диаспорасының тарихын, мәдениетін зерттемек ойым бар. Корея Республикасы қазіргі таңда ұлттық мұраларын, салт-дәстүрін, мәдениетін терең зерттеуге айрықша назар аударып отыр.

*– Іздегеніңіз табылып жатыр ма?*

– Иә, кәріс ұлтының 45 хикаятын таптым. Көбісі маған таныс болып шықты. Біздің елде сақталған деректерге ұқсас, алайда оқиға желілерінің өрбуінде айырмашылықтар бар. Сіздің қалада тұратын кәрістермен кездестім, ежелгі аңыз-ертегілер туралы сұрадым. Қызылордада Кореядағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан ағартушы ғалым Ге Бон Удың кенже баласы Ге Хак Рим тұрады екен. Ол әкесінің бай әдеби мұрасын сақтап қалыпты. Соның көп көмегі тиді. Ал Хон Бен Доның туысқандарын, ұрпақтарын ТМД аумағынан іздеп, таба алмадым, соған қарағанда жоқ сияқты.

Ал кәрістердің Қызылордаға депортациялану тарихы сіздерге жақсы таныс болар. Бірақ Кореядағы халыққа беймәлім тұстары жетерлік. Сондықтан зерттеуді қажет етеді.

*– Сыр бойындағы қандас бауырларыңызды көріп, қандай әсерде қалдыңыз?*

– Бір таңқаларлығы, Қазақстан елі кәріс ұлтына, оның мәдениетіне, қилы тағдырына құрметпен қарайды екен. Еңбекқорлығын да бағалап жатыр. Бір сөзбен айтқанда, баянды өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасап қойған. Мен зерттеп жүрген ұлттық батырларды да дәріптеуде. Хон Бен До мен Ге Бон У атында көшелер де бар екен. Ұлттық-мәдени орталықтары да емін-еркін қызмет етіп жатыр. Мұны жергілікті қазақ халқының, өңір басшылығының оң көзқарасының, дархандығының, кеңпейілдігінің арқасы деуге болады. Сондай-ақ, Қызылордадағы кәріс жұрты ұлттық мінез-құлқын сақтауға барынша ұмтылыпты. Өкініштісі, өз ана тілін ұмытқан екен. Көбісі білмейді. Бұл барлық Орталық Азия елдеріне тән құбылыс болса керек. Ал кәріс тіліне судай қандастарымды көргенде қуанып қаламын. Оларға ана тілін ұмытпай, меңгеріп алғаны үшін рахмет айтқым келеді. Сонымен қатар, Қызылордадағы кәрістер 1930 жылдардағы аласапыран заманнан бастап қазақтардың мейірбандығы мен ыстық ықыласын көріп өскен. Содан болар, қазір олар жергілікті халықпен еш кедергісіз біте қайнасып, тіршілік етіп жатқаны. Тіпті, туыс болып кеткен. Жалпы, қазақтар мен кәрістердің болмыс-бітімінде, ойлау пайымында, салт-дәстүрінің мән-мағынасында ұқсастықтар бар деп ойлаймын. Бір ғана мысал, екі ұлт та үлкенді сыйлауға келгенде алдына жан салмайды...

*– Қызылорда шаһары сізге ұнады ма?*

– Қысқа уақытта көп нәрсені білдім деп айта алмаймын, әрі қалаңыз туралы ұшқары пікір айтып қаламын ба деп жүрексініп отырмын. Сонда да өзім байқаған жайттарды айта кетейін. Қызылорда қанатын кең жайып, өркендеп келе жатқан қалаға ұқсайды. Ең бастысы, болашағы бар. Өйткені, қаланың үстін өзен кесіп өтеді екен. Мұндай территориялық ерекшелік қаланың шарықтап дамуына жол ашып қана қоймай, келбетінің ажарлана түсуіне себеп болады. Оны тарихи тәжірибе көрсетіп тұр. Ал халқының көңілі кең, ашық-жарқын, қонаққа деген құрметі алабөтен.

– Кан Хен Мо мырза, еңбегіңізге жеміс тілеймін! Сұхбаттасып, сыр бөлісkеніңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан:
**Дәурен СЕЙІТЖАНҰЛЫ.**

## «АСЫЛ МИРАС» ҚОРЫНЫҢ ҚЫМБАТ ТАРТУЫ

**Кеше облыстық Ана мен бала орталығына Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қоры құны 30 млн. теңгені құрайтын 14 медициналық құрылғыны сыйға тартты.**

Ол аппараттар ауыр халде туылып, жан сақтау бөліміне түскен нәрестелерді сауықтыруға арналған. Нақтырақ айтқанда, заманауи құрылғылар тыныс алу жолдары мен өкпесін қалпына келтіруге көмектеседі. Сондай-ақ, арнайы алынған кереуеттік мониторлар олардың жүрек қағысы мен қан қысымын бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Қайырымдылық шарасына облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы, «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қорының директоры Марат Айтмағанбетов және облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Сапар Рахменшеев пен орталық қызметкерлері қатысты.

Айта кету керек, бұл құрылғылар «Rixos Borovoe-2014» қайырымдылық веложарысын өткізу негізінде түскен қаржыдан алынып отыр. Қор директоры Марат Темірғалиұлының мәлімдеуінше, «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қорының басты мақсаты Қазақстанды адамдардың өмір сүруі үшін қолайлы елдердің біріне айналдыру және қазақстандық балалардың болашағының жарқын болуына ықпал ету, осы орайда денсаулық, білім саласына қолдау көрсету болып табылады.

Аталған веложарыста 87,7 млн. теңге қаржы жиналған. Осы қаржыдан қор жетекшісі, қоғам қайраткері әрі кәсіпкер Болат Өтемұратов Ақмола және Қызылорда облысына жаңа туылған нәрестелердің өмірі үшін аса маңызды саналатын медициналық құрылғыларды сыйға тартып отыр.

Акцияда облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы «Асыл Мирас» қорының жетекшілеріне ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

Айта кетейік, Ана мен бала орталығы “100 аурухана, 100 мектеп» бағдарламасы шеңберінде бой көтеріп, облыс әкімінің қолдауымен өткен жылдың шілде айында ашылған болатын. Бүгінге дейін мұнда 2050 сәби өмірге келген. Облыс әкімінің саланы дамытуға арналған «Жол картасы» аясында ана мен бала денсаулығына 4,4 млрд. теңге қаралып, облыстық және қалалық перинаталдық орталықтарға 28 дана медициналық құрал-жабдық алынса, емханалар тар буынды мамандармен толықтырылды.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

## БАҚЫТЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙ БІЛУІМІЗ КЕРЕК

**Елбасының биылғы жылды Ассамблея жылы деп жариялауының өзі үлкен көрегендік деп ойлаймын. Өйткені, біздің еліміз сан ұлттың саялы мекені болса, Ассамблея осы ұлттардың басын біріктірген саяси ұйым. Бүгінде елімізде барлық ұлтқа жағдай жасалған. Сондай-ақ, олардың өзгелермен бірдей құқықтары толығымен қорғалған. Елбасы Н.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауының бірінде «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік.**

Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» деген болатын. Шынында, еліміздің жеткен жетістіктері, еңсерген белестері жетерлік. Мұның барлығы елдің, халықтың ауызбірлігінің арқасы деп білемін. Әрбір елдің басты қағидасы, алға қойған мақсаты елдің тұтастығы болатын болса, бұл тұрғыда Қазақстан үдеден шықты. Міне, бүгінде еліміз қарқынды дамып, экономикамыз өрлеу үстінде. Қандай салада болмасын ілгерілеу байқалады. Ең бастысы, бізге берілген сый – қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Осындай бейбіт күнде сақталған ел татулығын әрбір қазақстандық бағалай білуі тиіс.

**Салман КАРИМОВ.**
Сырдария ауданы.



## БІЗ – КӨПҰЛТТЫ ҚОҒАМБЫЗ

**Жуырда облыстық телекоммуникация дирекциясында “Біз – көпұлтты қоғамбыз” атты шара өткізілді. Оған мекеме қызметкерлері мен Қызылорда облысы әкімі аппаратының қоғамдық келісім орталығының мамандары қатысты.**

Шараның негізгі мақсаты – ұлт татулығын берік ұстану, мекемеде қызмет етіп жатқан сан ұлттың өкілдеріне құрмет білдіру және олармен әрқашан тығыз қарым-қатынаста болу. Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай өткізіліп жатқан шараларға белсенді қатысу.

Алдымен шараға жиналғандарды мекеме директоры міндетін атқарушы Б.Қалықов айтулы меркемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Одан әрі сөз алған қоғамдық келісім орталығының бөлім басшысы Е.Уәйіс этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді қалыптастыруда Елбасы Н.Назарбаевтың біріегей саясаты жөнінде айтып, ассамблея тарихына да кеңінен тоқталып өтті.

Шара барысында мекеменің мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі мамандар А.Балхожаева мен Л.Құнанқараева “Қазақстан бірлігі – ұлттық татулық” және “Қазақстан – көп ұлтты тәуелсіз мемлекет” тақырыптарында баяндама жасап, қазақ елінің әлем елдеріне бірлік пен татулықтың үлгісін көрсетіп отырғанын да тілге тиек етті.

Және де бүгінде мекемеде қызмет жасап жатқан өзге ұлт өкілдері Алина Кочегарова, Рустам Валиев, Игорь Цой, Ирина Рыбалкиналар қазақ тілінде мақал-мәтелдер айтып, түрлі сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар ән-жырдан шашу шашып, би биледі. Ұлттық тағамдар көрмесін де көпшілік назарына ұсынды.

**С.АДАЙБАЕВА.**

# БІЛІМГЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

## БОЛАШАҚТЫҢ БЕРІК БАҒДАРЫ

**Елбасы Н.Назарбаев айтқан жалпыұлттық Мәңгілік Ел идеясын басты бағдар етіп, Тәуелсіздіктің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдыратын, келешегі кемел ел көшін бастайтын көшбасшы, болашақ дамыған 30 елдің қатарында болатын ел тұтқасын ұстар азамат, ұлт мерейін тасытар білікті маман мектеп қабырғасында. Бүгінгі өскелең ұрпақтың елін шынайы сүйіп, туған жерін көркейтуге аянбай атсалысуы және қазақи ұлттық болмысын қаз қалпында сақтап қалуы жолында қазіргі білім ордаларының атқаратын қызметі айрықша. Осыған орай жыл сайын білім саласына баса назар аударылып, оған бөлінетін қаржы көлемі артып келеді. Мәселен, 2013 жылы құрылысы жүргізілетін білім беру нысандарына республикалық және облыстық бюджеттен 9,7 млрд. теңге қаралып, 14690 орынды құрайтын 44 білім беру ұйымы пайдаланылуға берілсе, өткен жылы салаға бөлінген қаржы көлемі 12,2 млрд. теңгеге жетті. Оған 13440 орындық 40 білім беру нысанының құрылысы жүргізілді. Оның ішінде 30 мектеп, 9 балабақша, 1 жатақхана және 17 білім беру мекемесі пайдаланылуға берілді. Бұл – бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Соның нәтижесінде 2013-2014 оқу жылында үш ауысымда оқитын мектеп атымен жойылды.**

Өткен жылдың басында Сыр өңірінде апатты мектеп саны 25 болатын-ды. Жыл көлемінде жергілікті бюджет есебінен 13 мектеп құрылысы басталып, оның алтауы балалар игілігіне ұсынылды. Қалған білім ордаларының құрылысы үстіміздегі жылы бітеді деп күтілуде. Ал апатты мектептер мәселесі "Нұрлы жол" бағдарламасының аясында 2016 жылы толық шешімін табатын сыңайлы. Өткен жылы аймақта алғаш рет 3,1 млрд. теңгеге 58 білім беру нысанына күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Олардың арасында жаздық лагерьлер мен оқушылар сарайы да бар.

Есепті мерзімде облыстағы мектепке дейінгі жұмыс жасайтын 589 ұйымда 40,5 мың бала тәрбиеленуде. Барлық балабақшаның 54,6 пайызын жекеменшік балабақша құрайды, бұл еліміздегі жоғары көрсеткіш саналады. Балалардың оларға қамтылуы да көңіл қуантарлық. Мәселен, өңірдегі 3-6 жастағы бүлдіршіндердің 90 пайызы мектепке дейінгі ұйымға тартылған. Бір жылдың өзінде ғана мектепке дейінгі 81 ұйым ашылды, оның 64-і балабақша, 17-сі шағын орталық. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ақыл-ойын қалыпты жетілдіру мақсатында 53 мемлекеттік балабақшада облыстық бюджеттен бөлінген 61,1 млн. теңгеге "Монтесорри" кабинеті жабдықталды.

Ел болашағының жан-жақты білімді, үш тілді еркін меңгеріп шығуына бастауыш сыныптан бастап мүмкіндік жасалуда. Мысалы, ағылшын тілін 1 сыныптан, информатика пәнін 6 сыныптан оқыту іске асырылды. Өткен жылы білім ошақтарының қажетті мамандармен, оқулықтармен, әдістемелік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі 98 пайыз болса, биыл оны 100 пайызға жеткізу көзделуде.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жетілдіру мақсатында мұғалімге де, оқушыға да ыңғайлы оқу бағдарламасы жасалып, мектептерге ендірілді. Бірқатар мұғалімдер арнайы семинарлардан өтті, 1102 ұстаз үш деңгейлі курста білімдерін жетілдірді, оның 82-сі мектеп басшысы. Жалпы өткен жылы үш мыңнан астам мұғалім әртүрлі деңгейде өз білімдерін толықтырды. Олардың мәртебесін көтеруде облыста пәрменді іс-шаралар атқарылуда. Соңғы екі жыл көлемінде үздік педагогтарға облыс әкімінің әрқайсысы миллион теңге болатын 83 сыйақысы табыс етілді. Облыста өткен Математиктер олимпиадасының қорытындысымен 7 мұғалім марапатталды. Бас жүлдеге шетелдік автомобиль, өзгелеріне 250 мың -1 млн. теңге аралығында сыйақы берілді. Ал №10 қазақ-түрік лицейі "Орта білім беретін үздік ұйым" танылып, 16 млн. теңгені иеленді.

Сыр өңірі оқушыларының әртүрлі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда жеңіске жетуі тек мектептің ғана емес, ұстаздың да мерейі. 2013 жылы аймақта 123 мектеп бітіруші облыс әкімінің оқу грантын иеленсе, өткен жылы бұл мәртебеге әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан 242 түлек қол жеткізді. Қазір барлығы 365 сырбойылық өңірге қажетті мамандықтар бойынша ЖОО-да әкім грантымен оқуда, олардың санын биылғы жылы 500-ге жеткізу жоспарлануда. Өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен өңірдің инновациялық даму бағдарламасына сәйкес қажетті мамандар даярлау мақсатында Ресей мемлекетінің бюджеті есебінен 93 жас Мәскеу Ұлттық технологиялық зерттеу университеті мен Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық университетіне оқуға қабылданды. Осы оқу орындарында жергілікті ірі мұнай компанияларының қаражаты есебінен тағы 16 сырбойылық білім алуда. Сонымен қатар Елбасының тапсырмасына сәйкес оңтүстік облыстардың жастарын солтүстік өңірлердегі техникалық және кәсіптік оқу орындарында оқытуды ұйымдастыру барысында нақты жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде "Мәңгілік ел жастары – Индустрияға" бағдарламасы бойынша Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақмола облыстарының жоғары оқу орындарында 358, колледждерінде 420 қызылордалық білім алуда. Бұл республикадағы ең жоғары көрсеткіш саналады.





Бала денсаулығы – басты құндылықтардың бірі. Сондықтан оқушыларды таза сумен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 78,9 млн. теңге бөлініп, су тазарту құрылғылары орнатылды. Мектептерге балаларға қолайлы Эрисман парталарын алуға, стоматологиялық кабинеттерді жабдықтауға арнайы қаржы қарастырылды. Жазғы лагерьлерде демалған балалардың барлығы дерлік тіс емдеу курсынан өтті. Аймақтағы 286 мектепте оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастырылған, күнкөрісі төмен отбасының 21067 баласы мен 1-2 сынып оқушылары да тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар мектептерден шалғай орналасқан 41 елді мекендегі 888 баланың 94,4 пайызы арнайы көлікпен тасымалданады.

Елбасы өзінің Жолдауында техникалық және кәсіптік білім берудің дуалды технологияға негізделген қазақстандық жүйесін қалыптастыру қажеттігі жөнінде арнайы тапсырма берген болатын. Осыған орай, облыстық білім басқармасы "Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" АҚ-мен, аймақтың кәсіпкерлік палатасымен бірлесе отырып, дуалды оқыту технологиясының элементтерін ендіру бағытында жұмысты бастады. Өңірдегі 8 колледжде 17 мамандық бойынша төрт жақты келісім-шарт жасалып, нақты жұмыстар қолға алынды. Мәселен, Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің жатақханасы бар жаңа кешенінің құрылысына облыстық бюджеттен 10 млн. теңге қаржы бөлініп, іргетасы қаланды. Оның базасында 10 мамандық бойынша кадрларды қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік беретін құрылыс саласы мамандары үшін тренингтік орталық құру жұмыстары, оның заманауи құрал-жабдықтармен қамтылуы қолға алынды. Құрылған орталық өз жұмысын сәтті бастады. Сала басшылары осындай орталықтың тағы бірі Төретам кентінен ашылады деп жоспарлауда.

Оқушылардың білімге қызығушылығын арттыру мақсатында ұстаздар қауымына жаңа міндеттер жүктеліп, талаптар қойылуда. Мәселен, оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне жаңа инновациялар енгізілуде. Тынымсыз ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсті. Әр мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс істесе, инновацияның озық үлгісін өз ісіне пайдалана біліп, салада өз қолтаңбасын қалдыра білсе, жаңашылдыққа жақын болғаны әрі жақсы жетістікке жеткені. Айтқандайын, өткен жылдың тағы бір жаңалығы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 25 үздік бітірушісі Назарбаев зияткерлік мектебі жанындағы педагогикалық шеберлік орталығы, университет және облыстық білім басқармасының үш жақты келісімі арқылы өз білімдерін одан әрі жетілдірді. Ендігі міндет, өркениетке ұмтылған Қазақ елінің жастары жаңашыл, елі, оның болашағы үшін еңбек ететін ұлағатты ұстаздан тәлім-тәрбие алуы тиіс. Себебі, нұрлы болашаққа ұмтылған елдің ұрпағы да өз заманына сай білімді, тәрбиелі әрі отансүйгіш, елжанды болуы керек.



**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

1-бет

Қазіргі таңда облыстың ауыл шаруашылығы саласында құрама жем өндіретін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Осыдан-ақ мұндай кәсіпорынның облысқа қажеттілігін байқауға болады. Жем шығаруға қажетті шикізаттар қатарында күріш, бидай, жүгері, мақсары, күнбағыс дақылдары бар. Демек, алдағы уақытта ірі қара мал өсіруші шаруашылықтар сапалы және құнарлы жемді алыстан тасымалдап, әуреленбейтін болады. Зауыт өнімі аймақта тек қана мал шаруашылығы емес, сонымен қатар құс, балық өсіретін шаруашылықтардың дамуына да ықпал етеді.

# АЙМАҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Министр Асылжан Мамытбеков құрама жем зауыты салынып жатқан жер учаскесінде қосымша қуаттылығы 150 тонна күріш салысын өңдейтін күріш ақтау зауытының құрылысымен де танысып шықты. Мұның да құрылысы наурыз айында толықтай аяқталмақ. Қазір құрал-жабдықтарды монтаждау жұмыстары жүріп жатыр. Зауыт іске қосылса, 35 адам тұрақты жұмыс жасайтын болады.

Сонымен қатар, он гектарлық агроөнеркәсіп кешенінде шикізат және дайын өнімдер сақтайтын қоймалар, мұздатқыш камералар, автотаразы мен зертхана, ұн тарту диірмені мен макарон цехтары орналасатын ғимараттардың құрылыс жұмысы жүріп жатыр. Аталған өндірістерден шығатын дәнді дақыл қалдықтары құрама жем шығаруға пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы министрі кәсіпорынның алға қойған жоспарлары ойдағыдай орындалуына тілектестігін білдірді.

### СҰРЫП ЖАҢАРТУДА ЖЕТІСТІК БАР

Кеше Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков пен облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов Қарауылтөбе ауылдық округінің аумағында орналасқан Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғылыми-өндірістік базасының жұмысымен танысты.

Осыдан 43 жыл бұрын құрылған институт бүгінде Қазақстанның күріш шаруашылығы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен және оларды өндіріске енгізумен айналысады.

Институт директоры Серікбай Өмірзақовтың айтуынша, серіктестікте кәсіби кадрлар қызмет атқарады. Сондай-ақ Сыр өңіріндегі егістік алаңының 70 пайызға жуығында институттың селекциясы бойынша шығарылған күріш сорттары өсіріледі. Мәселен, 2012 жылы ҚазЕр-6 деген күріш сорты шығарылды. Оны дайындауда ғалымдар өзіміздің табиғи топырақ ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми зерттеу жүргізген. Нәтижесі жақсы. Мұның өнімділігі жоғары, аботикалық қолайсыздықтарға төзімді.

С.Өмірзақов отандық ғалымдар тәжірибеден өткізген «ҚазЕр-6» атты күріштің жаңа сұрыпына диқандар да оң баға беріп отырғанын айтты.

– Бұның бір артықшылығы ол біздің тұзды топырақта жақсы өсіп-өнеді. Көктемгі салқында судың ең терең қабатында жақсы көктеп шығады. Сорттың әлеуетті өнімділігі – 85-90 центнер. Бірақ өткен жылы алғашқы тәжірибе бойынша 60-65 центнер өнім алдық. Келесі жылы егістік аумағын көбейтеміз деген жоспар бар, – дейді институт директоры.

Ауыл шаруашылығы министрі Қызылорда облысы жағдайында күріш өсіру технологиясы және күріш шаруашылығында инновациялық технологияларды қолдану бағыттарында жұмыстардың жақсы ұйымдастырылғанын және бұл салада еңбек етіп жатқан институттың ғылыми-өндірістік зерттеулерін жоғары бағалады.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,**
**Дәурен ОМАРОВ.**

● ТАҒЗЫМ

# Ғибратты ғұмыр

Жұртының әркез жағдайын ойлайтын, қолынан келіп жатса жақсылық жасауға бейім тұратын, менің білерімде бір адам болса, ол – Мәжит Өтемұратов. Өйткені, Мәкеңді отыз жылдан астам өте жақсы білемін. Осы аралықта ол кісі жайлы өзгелердің риясыз жүректен шыққан ризашылық сөздерін талай рет естігенмін. Мәжит Жәмитұлы жайлы сөз қозғала қалса, қарапайым халықтың «жақсы адам, нағыз азамат!» деп көсіліп отырғанының талай мәрте куәсі болғанымды несіне жасырайын.

Халқымызда «текті» деген қасиетті ұғым бар. Бұл сөз әңгіме өзегіне айналып отырған адамның үрім-бұтағына берілетін баға десек, қателеспейміз. Мәкеңнің бабасы Өтемұрат ақсақал қарапайым шаруа болыпты. Тумысынан қайырымды жан қолы қысқа болса да, жан-жағына мүмкіндігінше барын бөліп беріп отырған. Көнекөз қариялардың әңгімелеріне құлақ тігер болсақ, жарықтық жомарт жүректі, парасат-пайымы биік, адал да турашыл жан болатын деп отыратын-ды. Ал өз әкесі Жәмит ел аузында «Аллашыл прокурор» атанып кеткен кісі. 1941 жылы неміс басқыншылары Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасағанда Жәмит аға алғашқылардың бірі болып Ұлы Отан соғысына аттанады. Алайда, көрер жарығы бар екен. 1943 жылы ауыр жараланған ол елге оралады. Сол бір сұрапыл жылдар сауатты жанға зәру кез болғандықтан, жергілікті билік оны Қызылорда қалалық прокуратурасына тергеуші етіп жұмысқа қабылдайды. Жәмит аға қандай үкім кессе де, алдымен Алладан кешірім сұрап, үнемі жалбарынып жүреді екен. Иығында зерлі шені бар қадағалаушы орган қызметкері «Иә, Алла, жар бола гөр» деп іс бастайтын көрінеді. Тақуа прокурордың бұл сөзіне тіксіне қарайтын коммунистік темір тәртіп иелері оның осы бір кемшілігін талай мәрте талқыға салған көрінеді. Бірақ, жұмысына адал да тиянақты, әрі сауатты кадр тек ескертулермен құтылып кетеді екен. Жәмит аға анау-мынау істерді кейде халқымыздың «Жеті жарғысының» қағидаттарына сүйене отырып шешетін болыпты. Не десек те, прокурор ғибратқа толы ғұмырының соңғы сәтіне дейін ел үшін адал да әділ тер төккен.

Енді осынау турашыл тұлғаның сенімді ізбасары Мәжит Өтемұратов турасында сыр суыртпақтайық.

Мәкең тумысынан педагог десек, артық айтқандығымыз емес. Ол қырық жылдан астам уақыт өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берген ұлағатты ұстаз. Облыс орталығындағы арнаулы оқу орындарында жүздеген шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан Мәкең бір кездері шаршы алаңның шаңын қаққан былғары қолғап иесі болатын.

Мәжит Жәмитұлы кейбіреулер сияқты байлықты мансұқ тұтып, өмірді сапырып өткен жан емес. Қашан көрсең де томаға-тұйық мінез, қарапайым қалып. Оның адами асыл қасиетінен парасатты таза болмысын көргенде бір марқайып қалатынмын. Жанына жақсы жандарды жақын тұтып, бойын жалғандықтан әркез алыс ұстауы да тек Мәкеңе жарасатын секілді еді.

«Түрі келгеннен – түңілме» демекші, жылы жүзінен әрдайым мейірім шуағы шашылып тұратын оның шынында да көп нәрсе сол жүзінен тамған жылылықта жатыр-ау деп ойлайсың. Мәкең ғибратты ғұмырында талай қызметтің тұтқасын ұстаудан кенде қалмады. Облыстық білім басқармасының тізгінін тартқан кезде білім ұяларында өзгеше қарқын, жаңаша леп пайда болды. Дәріс берудің ұлттық методикалық үрдісі жолға қойылды. Алыс ауылдардағы ескі мектептердің еңсесі көтерілді. Заманауи жабдықтармен жаңартылды. Бәрінен де білім ұяларының ішкі ахуалын қалыптастыруды алғашқы орынға қойды. Қайсыбір іс-шараларға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға тыйым салынды. Қазіргі күні жаяу жарысқа айналып, өз руларын дәріптеген кітап шығарғыштардың тың туындыларын ағартушылар арасында саудалауға үзілді-кесілді тоқтам салынды. Сондай-ақ сайлау, санақ секілді науқандық жұмыстарға ұстаздарды жегуді де тыйды. Осылайша мәртебелі мамандық иелерінің абыройын қорғады.

Мәжит Өтемұратов табиғат саласына басшылыққа барғанда аймағымыздың орман-тоғайлары мен жан-жануарларына жанашыр болды. Сұлу Сырдың еркесіне айналған сексеуілді қалай болса солай сындырып, табыс көзіне айналдырған ашкөздердің аяғына тұсау салды. Осылайша, тапа тал түсте табиғат ананың қойын-қонышын тімískілей беретін олардың естеріне Ата заңымыздың тегеурінді күшін түсірді. Игі істі мақсат тұтуының арқасында мекеме мен ондағы жалақыларын отын есебінен алып жүрген жұмысшы-қызметкерлердің әлеуметтік ахуалын алдыңғы шепке шығарды. Сонда да қанмен келген қасиетті мінезінің қаймағын шайқамады сабазың! Тектілік деген осы емес пе?

Қызылорда қаласының қақ ортасынан бой көтерген Алланың жердегі үйін салуға атсалысқандар Өтемұрат ақсақалдың ұрпақтары екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейтіні рас. «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің ашылу салтанатында сексеннен асқан Дәріш ананың: «Алланың алдына армансыз баратын болдым-ау!» – деп риясыз қуанғаны күні кеше сияқты еді. Имандылық үйінің сол салтанатында Иараннан әкелінген көздің жауын алатын жасыл кілемнің үстінде тұрып: «Алла тағаламның жұмағы да осындай болатын шығар, сірә!» деген-ді таяғына сүйене келген кейуана. Бұл сауапты істің басы-қасында жүрген балаларына ризашылығы болар марқұм ананың.

Мәжит Жәмитұлы соңғы жеті-сегіз жылдың бедерінде И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің директоры қызметін абыройлы атқарып келді. Бұл оған әлімсақтан таныс сала болатын. Шүкір, ұжым қабілетті мамандарға кенде емес-тін. Аталмыш оқу орнын ұзақ жылдар басқарған Арғын Садықұлы ізбасарларының ақылшысы саналды. Колледждің шаруашылығын шыр көбелек айналдырған Меңілбек Нұрылдаев болса, қашанда басшының сенімді серігіне айналды.



Республика кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарлама жасалып, ол Елбасы Жарлығымен бекітілген тұста салада реформа басталысымен колледж басшылығына келген Мәжит Өтемұратов жұмысқа үлгілі үрдістерді батыл енгізді. Білім жүйесіндегі тәжірибесі мол педагог бәсекеге қабілетті жас мамандар әзірлеуге құлшына кірісті. Тапсырманың уақытылы орындалуы, оқу процестерінің бағдарламаға сай өтуі қатаң бақылауға алынды. Типтік оқу бағдарламалары жаңартылды. Зертхана мен шеберханалар, жатақхана мен оқу ғимараттары толықтай жөнделді. Жаңадан жиһаздар мен оқушы парталары алынды. Студенттердің оқуына қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қос оқу ғимаратына 16 интерактивті тақта алынып, іске қосылды.

Сыр жұртшылығына етене таныс ұлағатты ұстаздың ел алдындағы еңбегі ескерусіз қалмады. "Қазақ ССР кәсіптік білім беру ісінің үздігі", "Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері" атақтары мен "Ерен еңбегі үшін", Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің "Ыбырай Алтынсарин", сондай-ақ "Қызылорда қаласына 190 жыл" және облыстың 70 жылдық мерекелік медальдары осынау өлшеусіз еңбектің өтеуі десек болады.

Алып жүректі асыл азамат өнегелі отбасының алтын діңгегі де бола білді. Құдай қосқан асыл жары Заида Сағидоллақызымен жарты ғасыр тату-тәтті ғұмыр кешіп, Сәкен және Жанел есімді ұл мен қызды өмірге әкелді. Сәкен бүгінде Алматы қаласының табиғат қорғау прокуроры болса, Жанел "Альянс-Банктің" Оңтүстік астанадағы директоры. Мәкең көзі тірісінде Дария, Лаура, Алдияр атты немерелердің шат күлкісіне бөленіп өтті.

Жақсы адамның өмірі оның жүрек соғысы тоқтағаннан кейін де жалғаса беретін көрінеді. Өйткені, тірлігінде айналасына шуағын шашып өткен шапағатты жандардың жан сүйсінтер өнегелі істері жүректерде мәңгілікке қалады десек, тумысы бөлек сондай жандардың бірі де бірегейі Мәжит Жәмитұлының жарқын бейнесі оны білетіндердің жүрегінде ұзақ уақыт сақталары ақиқат.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

***

Абзал азамат, қоғам қайраткері Мәжит Жәмитұлы Өтемұратовтың 40 күндік асы 6 ақпан күні сағат 13.00-де қаладағы "Номад Палас" мейрамханасында берілетінін хабарлаймыз.

ТАБЫС ФОРМУЛАСЫ

# БІР КІСІ ҚАЗҒАН ҚҰДЫҚТАН МЫҢ КІСІ СУ ІШЕДІ

**Облыс аймағында жиырма жылдан аса уақыт табысты жұмыс істеп келе жатқан санаулы компания бар десек, соның бірі – «KGROUP LTD». Серіктестік түрлі бағытта кәсіптерді өрістетіп отыр. Әрі, онда үш жүздей адам тұрақты жұмыс жасап, нәпақасын табуда. Осындай игі іске мұрындық болған кәсіпкердің бірі Қайрат Боранбаев газет тілшісімен бизнесте жетістікке жетудің құпияларымен бөлісті.**



*– Қайрат Жомартұлы, әңгімемізді қазір қандай бизнеспен айналысып жатқаныңыздан бастасақ. Яғни «K GROUP LTD» компаниясы туралы айта кетсеңіз?*

– Бүгінгі таңда, «KGROUP LTD» компаниясы түрлі бағытта қарқынды жұмыс жасап келе жатқан үздік бизнес отауы. Оның бірі, Қызылорда облысындағы мұнай және басқа да ұйымдардың қызметкерлерін азықпен қамту, яғни қоғамдық тамақтандыру жүйесі, сонымен қатар, транспорттық, туристік компаниялар және қонақ үй жұмыс жасайды. «Қызылорда» қонақ үйі – облыстағы беделді қонақ үйлердің бірі. Онда өңірімізге келген қонақтардың барлығы үшін қолайлы және жайлы жағдай жасалған. Сол себепті, көрсетілетін қызмет сапасы жоғары деңгейде болуын қатаң қадағалауда ұстаймыз. Одан бөлек мейрамханалар жүйесі қызметтерін ұсынамыз. Компанияның қызметіне бұдан басқа алып-сату қызметі, туризм, мал шаруашылығы және шағын несиелендіру желісі кіреді. Осы бизнес түрлерін жетік меңгеріп, бір-біріне ұқсамайтын кәсіпті бір алақанға жұмылдыра білдік. Ал, негізгі біздің мақсатымыз – компанияға еншілес бір бағытта қызмет атқаратын компанияларға инвестиция құю. Мысалы, біз ауыл шаруашылығы саласына 14 жыл бұрын инвестиция құя бастағанбыз. Соның арқасында қазір Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарында бірқатар шаруа қожалықтары дамып жатыр. Төрт түліктің санын көбейтіп, халыққа сапалы ет ұсынуға барынша күш салудамыз. Азық-түлік дүкендеріміз, көтерме сауда орындарымыз да бар. Сонымен қатар, тағы табыстың көзі – ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізіп, тұтынушылардың игілігіне береміз. Бір сөзбен айтқанда, бізге қарасты барлық кәсіп облыс тұрғындарына қызмет етуде.

*– Жалпы бизнесті неден бастадыңыз?*

– Еліміз Тәуелсіздік алған тұста біз жоғары оқу орнын бітіріп жаттық. Жас едік, белсенді болдық. Досымыз екеуміз Алматыдағы экономикалық университетте акционерлік қоғам құру тақырыбын зерттегенбіз. Заң шықты, жекешелендіру басталды. Ел абдырап қалды. Ал осындайда халыққа заңдық кеңес беру аса қажет екенін түсіндік. Біз жас болсақ та, мемлекетіміздің болашағы қалай боларын, немен байланысты боларын болжадық. Сөйтіп, ғылыми-өндірістік компания құрдық. Сол жылдары кеңестік сана бойына әбден сіңіп қалған «қызыл» директорларға акционерлік қоғам дегенді түсіну және оларға түсіндіру қиын болды. Заңдық кеңес берсек деген ойымыз жүзеге аспай қалды. Болмағасын, өндірістік жағын қолға алдық. Яғни, біз жиһаз жасайтын шеберхана аштық. Алғашқы табысымыз содан басталды.

*– Бұл кәсібіңіз өз жемісін берді ме?*

– Әңгімені әріден бастайын. 1990 жылдардың басынан осы кезге дейін жұмыс істеп келе жатқан компания облысымызда санаулы-ақ. Соның біреуі – біздің ұжым. Біздің кәсіптің жиырма жылдан астам тарихы бар және сонша уақыт бойы Сыр өңірінің бизнесін арттыруға аянбай еңбек етіп келеміз. Жасыратыны жоқ, бұл – үлкен жетістік. Оның үстіне, жеке кәсіпті алғаш бастаған уақытта жарғыны өзім жаздым. Жобасы осылай болады-ау деп, бір бет қана жарғы жаздым. Ол заманда жарғының қалай жазылатынын ешкім білмейтін. Ал қазір бәрі бар ғой, бір-біріңнен көшіре бересің немесе интернеттен іздеп тауып аласың. Өндірісіміз – жиһаз істеу және сату. Өкінішке орай, ол уақытта инфляция болды. Айына 100 пайызға артып кетті. Біз ағаш алып, жиһазды жасап, сатқан ақшамызға материал ала алмай қалдық. Оның бағасы екі есе өсіп кеткен. Одан да ағаш алып, оны сатқан тиімді болды. Инфляция кезінде өндіріспен айналысу мүмкін емес.

*– Сонда ең қомақты табыс қашан пайда болды?*

– Саудадан. Біз жиһазды жасауды қойып, бірден сауда-саттыққа көшкен едік. Сөйтіп, етек-жеңімізді жинадық. Қазіргі кәсіпкерлердің көбісі алғаш қомақты ақшаны сауда-саттықтан тапты. Енді сол пайдаға олар не істеді, қаражатты қалай тиімді жұмсады? Мәселе осында. Бұрын су сатып жүргендер өздері су шығара бастады. Азық-түлік сатып жүргендер дүкен ашты. Кәсіпкерлер осылай табысқа кенелді.

*– Ал сіз сауда-саттықтан түскен пайдаға не істедіңіз?*

– Мейрамхана бизнесімен айналысуды жөн көрдік. Ол кезде Қызылорда қаласында небәрі төрт-ақ мейрамхана бар-ды. Ал кафе атымен жоқ. Сосын дүкендер аштық. Одан кейін қонақүй бизнесімен айналыстық. Әлі күнге дейін осы табыс көздерін өркендетіп келеміз. Енді дүкен, мейрамханаға не керек? Ет керек. Сол үшін мал шаруашылығына инвестиция жасадық. Даму да, құлдырау да болды. Біздің тауымыз шағылмады, тек алға жылжып, еңбектеніп отырдық. Ал негізгі менің жақсы көретін бизнесім – қаржы бизнесі, яғни шағын несие беру ұйымдарын құру еді. Ол идея ойыма 1990 жылдары келген. Ал сол қазіргі күні елімізде орындалып жатыр.

*– Көп ақшаға қол жеткізу өміріңізді, ұстанымыңызды өзгертті ме?*

– Мысалы, тігіншінің құралы – тігін мәшинкесі. Мұғалімнің құралы – методикасы, кітабы. Ал менің құралым – қаражат. Бірақ ол менің өмірімнің мәні емес. Менің өмірлік мақсатым – адамдық қасиетті сақтау, әділетті қоғам құруға атсалысу, халыққа жұмыс тауып беру, елдің әл-ауқатын көтеруге болысу. Ал кәсіпкер ретінде ең маңызды мақсат – табыс көзін молайту, пайда табу. Солай екен деп, Алматы, Астана немесе шетелде бизнес ашып кетіп жатқаным жоқ. Оған менің арым да жібермейді. Ең әуелі өз өңіріміздің қазынасын молайтуды ойлауымыз керек деп ойлаймын. Біздің компанияда үш жүз адам жұмыс істейді. Ал олардың отбасыларын қосыңыз. Сонда біз шамамен мыңнан аса адамның бір құдықтан су ішуіне жағдай туғызып отырмыз. Қазақстанның, Сыр елінің азаматы ретінде шама келгенше осындай тіршілік жасауға ұмтыламын.

*– «Жетім көрсең жебей жүр» деп өскен қазақ халқы қашанда қайырымдылықты алғашқы орынға қояды. Осындай шараларға қатысып тұрасыз ба?*

– Жеке өз атымнан да, мекеме атынан да мүгедектерге, жетім балаларға, ардагерлерге, әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға материалдық, қаржылай қамқорлық жасалады. Мұндай істерді тізіп айта берсек, көп. Бірақ оның бәрін жария еткім келмейді. Және де «қайырымдылық жаса» деп мені ешкім қинап жатқан жоқ. Ол менің ішкі қалауымнан шыққан әрекет, яғни адамдық борышым. 1990 жылдардың аяғында бір топ кәсіпкерлер бірігіп, тегін асхана да ашқанбыз. Әлеуметтік жағдайы қиын жандарды бір ай бойы тамақтандырдық. Менен кейін басқа кәсіпкер эстафетаны жалғастырып, қамқорлық жасады. Осындай идеялар болған. Бұл мақтан үшін жасалған іс емес, қайталап айтамын, қайырымдылық жасау, зекет беру – біздің адами борышымыз.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығына инвестиция жасап жатқан себебіміз де, ауылдың тұрғындарын бизнеске тарту, жұмыспен қамту. Қажет болса, балаларының оқуларын ақысын төлеп, кейін жұмысқа орналастыруға мұрындық болып отырмыз.

*– Сіз Қызылорда облысы Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің мүшесі ретінде айтыңызшы, аймақтағы кәсіпкерлікті дамытудағы палатаның рөлі қаншалықты?*

– Палатаның жұмыс істегеніне бір-ақ жыл болса да қыруар шаруа атқарды. Бұл – кәсіпкерлердің қарашаңырағы. Кәсіпкерлердің өз мұңын шағатын, мәселесін шешетін, кеңес алатын орны. Палата барлық мемлекеттік органдармен тығыз байланыста қызмет жасауда. Кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар, қаржы институттары арасында алтын көпір болып отыр. Оның үстіне, палата кәсіпкерлерге бизнесті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіріп беруде. Тегін бизнес жоспар жасауға көмектеседі. Құжаттар қалай реттеледі? Қаржы көздерін қалай тартуға болады? Бәріне жауап береді. Бір сөзбен айтқанда, кәсіпкерлерді жетектейді. Өңірлік кеңеске мүше болудағы мақсатым да аймақтың бизнесін дамыту, кәсіпкерлердің сауатын арттыру, табыс көздерін молайту, тұрғындарға жұмыс табу еді.

*– Бірер күн бұрын Астанада ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының кезектен тыс II съезіне қатыстыңыз. Онда қандай мәселелер талқыланды?*

– Съезде палатаның аты өзгерді. Делегация мүшелерінің дауыс беруімен бірауыздан «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы деп аталатын болды. Екіншіден, палатаға мүше кәсіпкерлік өкілдерінің төлейтін жарнасы азайды. Бұл да оңынан шешілген мәселе болды. Үшіншіден, келе жатқан экономикалық дағдарысқа байланысты кәсіпкерлердің сұрақтары қаралды. Бұл қалай реттеледі, алда кәсіпкерлікке қандай қолдаулар болады? Осы жайттар талқыланды. Ресейдің рублі төмен түсіп кеткен соң, солтүстік көршімізде кейбір тауарлардың бағасы да арзандап кетті. Мысалы, Ресейде көлік те, азық-түлік те, құс еті де, цемент те арзандады. Бұл өз кезегінде еліміздегі кәсіпкерлердің өнімдері өтпей қалуына әсер етті. Дәл қазіргі жағдайда рубльдің құлдырауы Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізеді. Осы түйткілді кәсіпкерлер Үкіметтің алдына қойды. Премьер-министр Кәрім Мәсімов ресейлік әріптесімен кездесуде реттеуге ықпал ететінін жеткізді.

*– Сізге съезде «Ісіне адалдығы үшін» медалі табысталыпты...*

– Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тұңғыш рет медаль тағайындап отыр. Және де бұрын кәсіпкерлерге арналған мұндай медаль болған емес. Президиум төрағасы Тимур Құлыбаев өз қолымен республика бойынша он кәсіпкерге осы медальді табыс етті, соның бірі бізге бұйырды. Бізге деп жатқаным, оны маған емес, Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасын және кәсіпкерлердің белсенді жұмысын, еңбегін жоғары бағалап беріп отырғаны деп есептеймін.

*– Жалпы, елімізде бизнесті дамытуда кездесетін әттегенайлар бар ма?*

– Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға күш салынып жатыр. Көмек көп. Неше түрлі мемлекеттік бағдарлама бар. Қаражатты да беруде. Сондай қолдау болып тұрғанда халық тарапынан, кәсіпкерлер тарапынан үлкен белсенділік көрініп, бизнесте үлкен қозғау болу керек еді. Адамдар бизнеске талпынып келіп жатыр, бірақ көңіл көншітерліктей емес. Неге? Бір жағынан, үкіметтің беріп жатқанын кәсіпкерлер игере алмай отырғандай әсерде қаласың. Немесе сол қолдау жеткіліксіз бе, әлде бизнесмендерге көмек жетпей ме? Ортада бір үлкен сұрақ бар? Соны зерттеу керек. Анықтау керек...

Сонымен қатар, тағы бір мәселенің ұшын шығарғым келіп тұр. Нарық бар, оның қатысушысы бар. Олар – сатушы және тұтынушы. Бір-біріне мұқтаж. Үшінші біреулер бар, олар – бизнеске қызмет етушілер. Олар бизнесменнің затын және құжатын уақытылы қарап, реттеуге барынша қызмет етуі тиіс. Бірақ сол міндетін ұмытып кеткен. Қысқасы, кәсіпкердің тауары халыққа жетуіне және халыққа жағдай жасауына болысу керек еді. Бұл жағы да үлкен мәселе.

Айта берсек, мәселе көп. Мысалы, соңғы айлары банктер несие бермей қойды. Сонда банк қаржы бермесе кәсіпкерлер қалай бизнесті дамытады, қалай кәсіп ашады?..

Бұдан бөлек, банк жүйесінде күрмеуі қиын тағы бір түйін бар. Қазіргі қоғамда адамдардың өмірінің жартысы несие алумен және жартысы оны төлеумен өтеді. Мәселе – банктермен арадағы жағдай күрделі болғандығында. Мәселен, қазір екінің бірінің несиесі бар. Ал несие аларда азаматтар заттарын кепілге қояды. Бұл жағдайда міндетті түрде мүліктің нарықтық бағасы шығарылуы керек. Қазір әр банктің өзінің бағалаушысы бар. Банктер жекедара бағалаушы ұстамағанымен, өз клиенттерін жіберетін арнайы бағалаушылармен жұмыс жасайды. Бұлай жасау банктер үшін тиімді, себебі бағалаушылар банктерге тиімді баға шығарып береді. Ал тәуелсіз бағалаушылар банкке тиімді бағаны емес, нарықтағы нақты бағаны шығарады. Мысалмен жобалап айтып көрелік. Мәселен, Қызылорда қаласында нарықта құны 40-50 мың доллар тұратын пәтерді банктің сөзін сөйлейтін бағалаушылар өте төмен пайызда есептейді. Ол пәтерде бір шаршы метр 1000 доллар десек, банк оны 460 доллардан бағалайды. Сол ақшаның 60 пайызына несие етіп береді. Ол шамамен 276 доллар. Сонда 1000 долларлық мүлкіңізді 276 долларға бағалап отыр банк. Бұл әділдік пе? Жоқ. Ал неге олай десең, тұрғындар төлей алмай қалуы мүмкін деп сақтанады. Ол жалған. Бұл сақтықты үстеме пайызға қосу керек емес пе? Жалпы, мүлікті бағалауды ретке келтірген абзал. Мысалы, жүз миллиард теңгеге татитын дүниеңді, банк 276 млн. теңгеге бағалайды. Былай айтқанда, аймақтың инвестициялық тартымдылығын банктер төмендетіп отыр. Амал қанша, басқа несие беретін орын жоқ, бәрібір банктің қызметіне жүгінуге тура келеді...

Қазіргі күні кәсіпкерлердің кәсібін дамытуға жағдай жасалып жатыр, дегенмен әлі шешімін таппаған мәселелер де бар. Әрине, көш жүре түзеледі.

*– Сіздіңше, кәсіпкерлік салада жетістікке жету үшін қандай қағидаларды ұстану қажет?*

– Біріншіден, жеті рет өлшеп бір рет кесу керек. Екіншіден, білім алу керек. Мысалы, кәсіпкер аяққа тұрғаннан кейін заңгерді, есепшіні жұмысқа алады. Егер оның заң, есеп саласынан хабары болмаса мамандарды қалай басқарады? Сондықтан қазіргі заманның кәсіпкері экономист те, қаржыгер де, заңгер де болуы керек. Біздің жас кезде бизнеске үйрететін ешкім болмады, бәрін өзіміз меңгердік. Үшіншіден, әуелі бизнес-идея ойлап, оны жүзеге асырудың жолдарын қарастыру қажет. Яғни кәсіпкер бірінші нарықты зерттеген жөн. Мұны маркетинг дейді. Тұтынушыға не керек, не өндіру, соны білу керек. Төртіншіден, көпті көрген көшбасшы кәсіпкерлердің кеңесіне құлақ асқаны дұрыс.

*– Отбасыңыз туралы айтып бересіз бе?*

– Анам – мұғалім, әкем – экономист. Қарапайым жандар болған. Үйде біз бес ағайындымыз. Бір-біріміздің киімімізді киіп өстік. Ата-анамыз бауырмал болуға баулыды.

*– Қазір өзіңіз бала тәрбиесінде неге назар аударасыз?*

– Балаларыма әр нәрсенің қадірін білуді санасына сіңіріп жатырмын. Қазақы тәрбие керек. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – адами қасиет. Осыған лайық болса деймін. Олардың жазғы демалысын үшке бөлем. Бір бөлігіне шетелге немесе Қазақстанның әсем табиғи жерлеріне тынығып, демалдыруға жіберемін. Бір бөлігінде ауылда болады. Мал қарап, қора тазалап, ауылдың тыныс-тіршілігіне араластырам. Енді бір бөлігінде үйде болады. Онда да қажетті деген пәндерді терең үйренуін қадағалаймын.

*– Балаларыңыз қайда оқиды?*

– Бірі шетелде, енді бірі елде.

*– Неге шетелде?*

– Білім сапасы жоғары. Екіншіден, тіл үйренеді, жер көреді, ел таниды. Үшіншіден, озық тәжірибелерін көріп, елде іске асырады.

*– Кітап оқисыз ба?*

– Қызық әрі мазмұны, мәнді, танымдық көкжиекті кеңейтетін кітап болса, сатып аламын. Бірақ соңғы бес-алты жылда сол әдебиеттерді оқуға шама болмай жүр. Мойным жар бермей, ерінгендіктен емес, уақыт жоқ. Бұл қазіргі жаһандану заманының басты проблемаларының бірі деп ойлаймын. Ал мерзімді басылымдарға, интернет-сайттарға жиі назар салып тұрамын. Әрине, кітапқа ештеңе жетпейді. «Кітап оқыған бала көкжәшікке телмірген баланы басқарады» деген сөз бар. Өйткені, кітапта білім бар, рухани қазына бар.

*– Ал бос уақытта немен айналысасыз?*

– Кәсіпкерлер бос уақытында көбінесе таза ауада демалғанды ұнатады. Саятшылық құрады, балық аулауға шығады. Күйбең тірлікті ұмытып, миымыз жақсы тынығып қалады.

*– Сынға қалай қарайсыз?*

– Сын мінді түзеу үшін айтылады. Сондықтан оған ренжімеймін. Қайта қуану керек. Өйткені, ол айтылмаса, білмей жүрген мінің бір күні сені шалқаңнан құлатуы мүмкін. Сын айтқан адам сені олқылықтың орнын толтыруға шақырып жатыр деп түсіну керек.

*– Еңбегіңізге табыс тілеймін, сұхбатыңызға рахмет!*

Әңгімелескен
**Дәурен ОМАРОВ.**

ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРЕДІ

# МҮМКІНДІКТЕР МЕН МІНДЕТТЕР САРАЛАНДЫ

**Аптаның сәрсенбісі күні Шиелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев жылдағы дәстүр бойынша аудан орталығындағы «Салтанат сарайында» қорытынды есеп берді. Жиынға «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихат депутаттары Тілеуберген Шәутай, Оразалі Байділда, Теміржан Әлімқұловтар қатысты.**

Атап айтарлығы өткен жылдың мамыр айынан бастап, аудан басшысы қызметін атқара бастаған Қайратбек Сәрсенбаевқа халықтың ықыласы жақсы, сенімі мол көрінді. Әрине, аз уақыт ішіндегі мұндай құрметке ие болу Елбасы тапсырмаларының жергілікті жерде өз дәрежесінде орындалуы мен жамағаттың өтініш-пікірлеріне орнымен құлақ асу, аудан ардагерлері мен мәслихат депутаттарымен ынтымақтаста жұмыс жүргізе білуінің нәтижесі деп бағаланады. Аудандағы атқарылған шаруаларды қорытып, алдағы істерді тиянақтайтын жауапты жиын қарапайым да, жариялылық түрінде өткізілді. Кей кездердегідей басшылардың қалауы бойынша алдын ала дайындалған белгілі кісілер ғана сөйлеп, алғысын жаудырып, өзгелерге кезек бермей көпшіліктің пікірі ескерусіз қалатын қойылымды, жадағай жиындардай емес сауал қоюшыларға да, пікір-ұсыныс айтушыларға да еркіндік берілді. Бұл әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіруге үмітті ел болашағына қажетті үрдістің бірі. Өйткені, мемлекет басшысының барлық іс-қимылы, бағдарламалары мен Жолдаулары ел экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге арналып келеді.

– Жыл бойында ауданның атқарушы органдарының барлық мүмкіндіктері Елбасының Жолдауындағы туындайтын тапсырмаларды орындауға, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Аудан экономикасын тұрақтандыру бағытында аудан әкімдігі тарапынан қабылданған тиісті шаралар нәтижесінде экономиканың түрлі салаларында макроэкономикалық көрсеткіштер жақсарып,






әлеуметтік, саяси тұрақтылық сақталды. Жалпы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өзгерістер өз жалғасын тауып келеді, – деп өз баяндамасын бастаған Қайратбек Әубәкірұлы мұнан әрі нарықтық экономиканың басты құралы – бюджет, қаржы, қаражат жағын сөз етті. «Ауданның 2014 жылға арналған жыл басындағы жалпы бюджеті 8 млрд. 541 млн. теңгемен бекітіліп, жыл көлемінде 5 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Нәтижесінде, аудандық бюджет несиелерді қоса есептегенде 10 млрд. 503 млн. теңгеге нақтыланды немесе 123 пайызға артты. Аудандық бюджет кірісі 2014 жылы болжамдалған 10 млрд. 181 млн. теңгенің орнына 10 млрд. 312 млн. теңгеге, оның ішінде аудандық бюджеттің өз кірісі 1 млрд. 890 млн теңгенің орнына 2 млрд. 21 млн теңгеге орындалып, 106,9 пайызды құрады.

Сонымен қатар, облыстық бюджеттің кірісі жоспарланған 38 млн теңгенің орнына 44,3 млн теңгеге немесе 116,5 пайызға, республикалық бюджеттің кірісі 667 млн теңгенің орнына 734 млн теңгеге немесе 110 пайызға артығымен орындалды.

Есепті мерзім ішінде жергілікті бюджет шығысы 10 млрд. 338 млн. теңгеге болжамдалып 10 млрд. 314 млн. теңге немесе 99,8 пайызға орындалды.

2014 жылға арналған аудандық бюджет қаражатының 61 пайызы білім, 4 пайызы мәдениет, 5 пайызы әлеуметтік қамсыздандыру, 19 пайызы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, 11 пайызы басқа да салаларға жұмсалды.

Шиелі ауданы, негізінен алғанда, ауыл шаруашылығы саласында айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп, облыста өзгелерге үлгі-өнеге көрсете алатын аудандардың бірі. Сөз ретіне қарай, кезінде осы аудannan шыққан 41 Еңбек Ерін әрдайым мақтанышпен айтып жүреміз, шындығында сол ардақтыларымыздың барлығы ауыл шаруашылығы саласындағы ерен еңбектерімен осы дәрежеге кол жеткізген болатын-ды. Сондықтан жергілікті халықтың бейімділігі, өмір сүру үрдісіндегі қалыптасқан кәсібіне атқарушы орындар тарапынан қамқорлықтар танытылып, қолтығынан демеп отыру екі жаққа да пайдалы жұмыстардың бірінен саналады.

– Үстіміздегі жылы аудан егін шаруашылығы саласындағы көрсеткіштері бойынша облыста 2 орынды иеленді. Бұл диқандарымыз бен ауыл шаруашылығы мамандарының зор жетістіктері, – деді Қайратбек Әубәкірұлы. – Облыс әкімінің қолдауымен көктемгі дала жұмыстарына шаруашылықтар «Байқоңыр ӘКК ҰҚ» арқылы 187 млн. теңге несие қаражат алып, егін егу жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді.

Аудан бойынша биылғы жылы 24030 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды, оның ішінде 8600 га күріш дақылы. Нәтижесінде күріштен 38700, картоптан 28600, көкөністен 23750, бақшадан 61488 тонна өнім алынды. Өткен жылы аудан диқандары үшін түйінді мәселенің бәрі шешімін тапты. Төрт ірі шаруашылық соңғы бес жыл көлемінде өздеріне тиесілі барлық мүліктер мен жер телімдерінің түсініксіз себеппен банкте кепілдікте тұрғандықтан, адым ашып жұмыс ұйымдастыра алмай келген еді. Ауыл тұрғындарының өтініші облыс әкімінің өзіне тікелей жеткізіліп, Қырымбек Көшербаевтың ықпалымен Бидайкөл, Ақмая, Төңкеріс, Бестам шаруа қожалықтарының 22,2 мың гектар 29 жер телімі Қазақстан Республикасы Бас прокурорының қаулысына сәйкес кепілден босатылғандығын айтты. Қазіргі таңда аталмыш шаруашылықтардың тиісті жерлері Әділет басқармасына тіркеліп, шаруаларға егінмен айналысуға қолайлы жағдай жасалуда.

Сонымен қатар, алдағы уақыттарда аяқ су тапшылығын болдырмау үшін жобалық құны 1,6 млрд. теңге болатын Сырдария өзенінің бойынан үрлемелі су тоспасының құрылысы басталғандығы айтылды. Оған әуелгі кезекте, республикалық бюджеттен 100 млн теңге бөлініп, игеріле бастапты. Аудан әкімі баяндамасында инвестиция, құрылыс салалары, автомобиль жолдары, елді мекендерді абаттандыру, білім мен мәдениет, спорт салаларындағы жетістіктер кеңінен айтылды. Денсаулық сақтау барысындағы атқарылуы тиіс жұмыстар, жұмыспен қамту, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік шаралары туралы қамтылды.

Осы жиын барысында кент әкімі Н.Мырзабеков қосымша баяндама жасап, кентішілік атқарылған шаруалармен жұртшылықты тағы да хабардар етті.

Баяндамалардан соң сауалдар мен ұсыныс-пікір айтушыларға кезек берілді. «Жаңа Бестам» шаруашылығының директоры Б.Қошқаров шаруашылыққа тиесілі жердің қайтарылып берілуіне көпшілік атына рахметін айтумен бірге, алдағы уақытта ауылшаруашылық техникаларын жаңартуға қамқорлық керек екендігін еске салды. Оған жауап берген аудан әкімі биылғы жылы осы тарапта МТС құрып, жұмыс жүргізуге нақты әрекеттер жасалынып жатқандығын айтты. Сондай ақ, кент тұрғыны С.Дәркенов, М.Назаров Сұлутөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Жұмаділов, Ақмая аулынан К.Палмағанбетов және басқалар өз ойларын білдірісті. Шығып сөйлеген кісілердің барлығы әкімнің жылдық есебіне жоғары баға беріп, алдағы жоспарларының ойдағыдай орындалуына тілектестігін білдірді.

Жиында аудандық мәслихат хатшысы Әшім Оразбекұлы жүргізіп отырса, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Байқадамов қорытынды сөз сөйледі.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

**Арал қаласында Төлеген Медетбаевтың атында бір көше бар. Көше атын иемденетіндей ол кім болды екен, елге қандай еңбегі сіңген... – деп әркімнің-ақ ойлайтыны аян. Иә, ілгеріде біраз жас жасағандар Төлеген Медетбаевтың кім болғанын әлбетте біледі. Ал кейінгілердің білмеуі де, тіпті оған мән бермеуі де мүмкін. Өйткені, уақыт ілгері озған сайын бұрынғының бірте-бірте көмескілене беретіні белгілі ғой. Айталық, заманында алғыр басшы болған саңлақтың өнегелі өмірі де бұл күнде сағымға айналып жым-жылас болған. Жым-жылас болатыны заман неше қайтара құбылды, дүние неше қайтара астаң-кестең болды. Өмір озды, ұрпақ ұрпақты алмастырды.**

# АЛА ЖІПТЕН АТТАМАҒАН ҚАЙРАТКЕР

*Арал депутаттары Советінің тұңғыш төрағасы Т. Медетбаевтың туғанына – 125 жыл*

Ал өткенді еске алып, тарихты тінткілесек, осы күнгі Арал аймағын бірінші болып басқарған – осы адам деуге болады. Рас, ол кезде Арал дербес аудан болып құрылған жоқ-ты. Қазіргі аудан аймағының жері ол кезде Ақтөбеге қарайтын. Жер-жерде Азамат соғысы ойранды салып жатқан уақыт. Тар кезеңде қызылдар ақыры ақтарды алды. Бүліншілік аяқталысымен Арал аймағына Совет дейтін өкімет орнады. Жер-жерде советтендіру науқаны басталғанда Медетбайдың Төлегені 23 жаста еді. Сол жасында ол орысша оқыған екі кластық білік-білімімен Арал Совдепінің тұңғыш төрағасы болып сайланыпты. Иә, болуын болды, бірақ оңай болған жоқ, аласапыран ағыстың буырқанған ортасында жүрді.

Халықтың тоғын шайқап, барын ойрандаған соғыстан кейінгі күнкөріс қияметтей қиын еді. Оның үстіне бір науқаннан кейін кимелеген және бір науқандар кім-кімді де есінен тандырып жіберді. Айқай сүрең асыра сілтеудің лаңы да аз болған жоқ. Азамат соғысының қырғын ауыртпалығына жалғасқан сол асыра сілтеудің лаңы елді жиырма бірінші және жиырма екінші жылғы ашаршылыққа килік-тірді. Өздері жағдайды оңалдыра алмай әбігерленіп жатқанда, Арал балықшыларының атына қасқа маңдай Лениннен жел-маядай желіп жеделхат жетті. Еділ жұрты жаппай ісіп-кеуіп аштыққа ұрынған. Енді соларды қалай-да құтқарып қалу керек екен. Аты жай жеделхат болып келгенімен, бұл Совдеп төрағасы үшін қатерлі еді. Қайткенде де орындау – міндет. Алда-жалда орындай алмаса тұқымының тұздай құрығаны.

Сонымен, көсем айтты болды, Еділ бойына көрден қазсаң да вагон-вагон Арал балығы жіберілуі керек. Ал жібере алмаған жағдайда түрменің түнегіне қамалатынын Медетбайұлы айдан да анық сезді. Ал жерде жатқан балық жоқ. Мезгіл балықтың мейлінше мол ауланатын кезі де емес. Көсем жеделхат жіберген 1921-ші жылдың қысы қазымырланған қызыл жағалылардың қаһарынан да бетер ысқырып тұрып алсын. Амал жоқ, өл-тіріл, мұз астынан балық аулауды ұйымдастыру науқанын бастандырып жіберуге тура келді.

Ал Арал балықшылары қайбір жетісіп жүр. Ақтөбе мен Ташкент аралығында болған қиян-кескі ұрыстың әлегінен естерін енді-енді жия бергенде, «жығылған үстіне жұдырық» болып шақар көсемнің зары жетті. Жаужүрек жауынгерлердің қан майданда күндіз күлкі, түн ұйқы жоқ, сабылып жүретінін кинолардан талай көргенбіз. Айсбергтей ірі-ірі сеңдері аласапыран соқтығысып күркіреген ұлан-ұшан теңіздің мұз құрсанған қиырында дамылсыз бозқырау жұтқан балықшылармен бірге бел шешпей жүрген Совдеп төрағасының жағдайы да дәл солардың жағдайындай болатын. Екі майданның да қияметі бірдей еді. Күн демей, түн демей сірескен сеңгір мұзды темір сүйменмен ойып, мұздай суға қолыңды малып көр; сақылдаған сары аязда қыруар балықты шыдамың жетсе, аудың шатысқан торынан жазып алып көр...

Сондай қияметте Совдеп төрағасы неше түн, неше күн ұйқы мен күлкіден безді, қандай жағдайда жүрді және балықшылардың да жай-күйі ауыр... Сондай қазабат жорытылуда жүріп көрген оның жан азабын өзінен өзге ешкім білген емес, өзімен бірге кетті.

Абырой болғанда Алласы жар болып, Еділ бойына әбден іріктелген, сұрыпталған 14 вагон балықты жөнелт-кен. Әр вагондағы балық – 60 тоннадан. Сөйтіп бір шырғалаңнан құдайына қой айтып аман қалған. Дегенде, сол жолғы қыста денсаулығына зақым келтіріп алады. Сол зардап созыла-созыла келіп, ақырында алып түсіп, жүрімін қысқартқан. Қанша жыл жасады, соның бәрінде медицинаға көрінуге мұршасы да болмапты. Ол кездегілер «отпуск» дегенді алса, түсінде алған шығар, ал өңінде бұйырмайтын.

Қашан зейнетке шыққанынша жан баласына демалыс бермейтін колхоздар отызыншы жылдары құрылған болатын. Аудан басшылығы Төлеген Медетбаевты Қарақұмда колхоз құруға жібереді. Содан сабылып жүріп «Сазды» деген колхозды тікейткен, 1949-жылға дейін басқарады. Сол жылы өзі де демін тауысқан. Ресми құжатта: 59 жасында деп жазылған. /1890-1949/. Ал қызы Қатыш апай: «Әкем елу тоғызында емес, 56 жасында қайтыс болды» деп еді. /Баласы Әуелбек те әкесінің жасында қайтқан/. Төлегеннің жаназасына аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ешкенов бастаған номенклатураның бәрі түгел келген. Ауданның сол уақыттағы бюро мүшелері: Бабақов, Төреханов, Бисариев, Хамидуллина, Мұсафиров, Әбішев колхоз кеңсесі алдына колхозшыларды жинап қаралы митинг өткізген.

Жаназаға келген кісілерге дастархан жайып, бір тананың тұмсығын қанатайын десе, марқұм жеке меншігінде тұяқ ұстамаған екен. Арал баспаханасының бас есепшісі Қатыш апайдың айтуында шайға құятын сүтті, күнделікті ішетін қымызын өзі тапқан еңбеккүн есебінен алдырады екен. Қыс қыспағынан құтылуына салқын сабатқа жұрт қатарлы тікейтіп жаздай рахатын көретін керегелі күркесі де болмапты. Денесін қоя тұруға колхоздан киіз үй әкеліп тіккен дейді. Ағайын-жекжат, тума-туыс болса, тегісінен жұтап отыр. Соғыс ауыртпалығынан бәрінің де сыбырлағы татымай шыққан. Жерлеу шығынын аудан басшылары көтеріп алған.

Алла-ай, мұндай да басшы болады екен?! Құдды ертегі дерсіз. Бұған бүгінде біреу сенер, біреу сенбес. Сенсе де, сенбесе де, ондай басшылардың баяғыда болғаны рас. Шет жағасын біздер де көріп қалдық. Тұра-тұрыңыз, «қызығы» әлі алда. Төлегеннің күні батқасын жаңа басшы не бар, не жоқты тексере келгенде, колхоз малы кем шығыпты. Кемді ауылнай Жұмағали



Ешмұратовтың растауымен басбух Қани Жиенбаев бақилық болған Төлегеннің мойнына ілген құжатты аудан асырған. Дүйім ауыл шошып кетіп дүрлігіп қоя береді. Көңіліне күдік алған аудан басшысы Ешкенов: «Төкеңнің қойын кітапшалары болушы еді. Соны таптырып алып қайта тексеріңдер» деп тәртіп береді. Арнайы комиссия құрады.

Комиссия Төлеген Медетбаевтың артында қалған дүние-мүлкін есепке алады. Қолдары қойылған, мөрі басылған құжатта көрсетілгені: «Екі кәстөм-шалбар, жалғыз-жалғыздан жағалы пальто, байпақты етік, ішік, кілем, термелі алаша, қақпа алаша, 3 киіз, 5 түйежүн көрпе, 3 көпшік, зайыбы Балкенже екеуіне ортақ үлкен құсжастық, көрпе-көпшік жинайтын атам заманнан келе жатқан темір керует» екен. Бары – осы. Ал марқұмның «киіз кітабын» парақтап көргенде, кімдердің мойнында қандай малдың бары, түгел табылған. Өзінің колхоз қорына көк тиын да берешегі жоқ екен. Сол себепті де, комиссия Медетбаев Төлеген колхоздың ала жібін аттамаған, артық дүние жинамаған деген қорытындыға келген.

Сонымен, соның бәрін біле тұра жалғандыққа барған басбух айдалып кете барады. Жазасын өтеп келгесін екі жыл өткенде ол да бақилық болады. Тағдыр дегенің сондай ғой...

Осындайда бұрынғының басшыларынан Хо Ши Мин, Махатма Ганди, Иосиф Сталин, Ғани Мұратбаев, Нұртас Оңдасынов, Еркін Әуелбеков, Өзбекәлі Жәнібековтың тағдыры ойға оралады. Вьетнам соғысы аяқталғасын қазақстандық делегация Хо Ши Минге сәлем беруге барады. Сонда олар бір елдің көсемінің тіршілігіне айран-асыр таң қалып қайтыпты. /Делегация құрамында болған Зейнолла Жарқынбаевтың естелігінен/. Тұрған үйі де, тұрмыс күйі де тым жұпыны екен дейді. Қонақтарына өзі жез шәйнекпен шай қайнатып беріпті. Ал Ганди болса, өмірін Үндістанның жарлы-жақыбайларымен бірге тыртиып жалаңаш жүрумен өткізген әулие тұлға. Біздегі Сталиннің қарны тоқ болған шығар, бірақ біркиерінен басы артық киімі болмапты. Айта беретін сол Сталин нағыз қатыгез диктатор болса да, ысырапшылдыққа жол бермеді, халықтың өзінікін өзіне жаратты. Ғаниды бар болмысымен ашыла алмай өте қыршын кетті дейік, ал Қазақстандай дәулетті елдің үкіметін он жыл басқарған Оңдасынов көзінің тірісінде жазған ғылыми еңбегін толығы-нан жарыққа шығара алмай жүріп көз жұмды. Еркін Нұржанұлы Әуелбеков ұдайы бірінші дәрежелі басшылықта жүрсе де, дүние қызығына қызықпады. Жырындықор болса, министр болған, үш облысты басқарған алғыр тұлға байып кетпес пе еді. Жоқ, тіршілігіне күлкің келеді: баяғыда алған үйішілік гарнитурды көшкенде Көкшетаудан Арқалыққа, Арқалықтан Қызылордаға, Қызылордадан Мәскеуге, Мәскеуден Алматыға тасып жүргеніне не дерсіз?! Мәскеудегі үш бөлмелі пәтерін сатып кетуіне де болатын еді ғой. Орыс елінің өздеріне қалдырып кете барған. Сол тұста пәтерлер жапатармағай сатылып жатқан болатын.

Медетбайұлы Төлеген жиырмасыншы жылдардағы аштықта жұпыны тұрмысымен панасыз қаңғыбастардың талайын қамқорлығына алып тәрбиелеген. Өмірлік серігі Балкенже үш бөлмелі үйдің ең кеңін панасыз жетімдерге босатып берген. Сол тасмаңдайлар аштықтан аман қалғанымен соғыста қыршын кетті. Аман оралғандары аймаққа танымал азамат болды. Мысалы: соғыстан бұрын Төлеген мен Балкенженің қолында тәрбиеленіп адам болған Тойбазар Елемесов майданнан оралғасын кейінгі бейбіт жылдары Қызылорда облыстық газетінің редакторы болды.

Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының көгеріп көктеуіне құрбан еткен осындай қайраткерлерді қандай тауардан жаралған деуге болады?!

Ал, жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарында номенклатурада болғандар еліміздің ен байлығын өзара бөлісіп алғандықтан бірден байып шыға келді. /Солар тегісінен коммунистер еді/. Сөйте тұра бұлардың ұялмай-қызармай: «Біз өйткен едік, біз бұйткен едік» деп естелік кітаптар жазды жарысып. Олардың орнын басқандар да төл теңгемізді менсінбейді, долларды қойны-қонышына сиғыза алмағасын ұлтының мүддесіне қимай жат елдерге жытырып әлек. Япыр-ай, осыларды да қоғам, мемлекет қайраткері дейміз бе? Аузымыз қисаймай қалай айтамыз...

Асылы туасы ұялмайтындар қай кезде де ұялмайды екен. Олар мен бұлар бұл күнде қазіргі мемлекеттілігіміздің іргетасын негіздеп беріп кеткен Медетбаевтарды естеріне алмайды. Ұмытты. Ұрпаққа да ұмыттырды. Төлеген Медетбаевтың жүз жылдығы да, 120 жылдығы да ескерусіз қалды...

Биыл заманында Арал революционері болған сол Төлеген Медетбаевтың туылғанына – 125 жыл. Қоғамның ала жібін аттамаған ардақты ардагердің өмір тарихын өткен ғасырдың жетпісінші жылдары «киіз кітабыма» түртіп қойып едім. Содан бері сүрленіп жатқан. 2014-ші жылы облыстық «Сыр бойы» газетінің 102-ші нөмірінде Шәкірат Дәрмағанбетовтың «Төраға Медетбаев» деген очеркі жарияланды. Онда Шәкең Т.Медетбаевтің еліне сіңірген еңбегін ескеріп, 125 жылдығын лайықты атап өтуді Арал еліне арнайы айтқан. Мен осы мақалада Шәкең очеркінің мазмұнын қайталамай, Т.Медетбаев тұлғасын екінші қырынан әңгімеледім. Мақала Шәкеңнің ұсынысына үн қосу мақсатында жазылды. Ардақты ардагердің 125 жылдығын оның атындағы көшені асфальттап, абаттандырып, аудан орталығындағы кәсіптік-техникалық колледжге есімін беріп, алдына кеуде мүсінін орнатып ұлықтаған орынды болар еді. Кейінгі ұрпақ тарихты жасаған сирек тұлғалар есімін тек осындай ескерткіш белгілер арқылы ғана ұмытпай ескере жүреді. Ал жазылған мақала, жасаған баяндама дегендер күні ертең ұмытылады.

**Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ.**
Қызылорда қаласы.

# БІЗ БАТЫР АУЫЛЫНДА ТҰРАМЫЗ!

**Қала іргесіндегі ауыл бір кезде Киров атындағы кеңшар болған. Шаруашылық күріш, көкөніс, төрт түлік мал өсірген. Шаруашылықты басқарған Т.Дәуітбаев, С.Төлеков, Ш.Құндызбаев, Ө.Досмағамбетов сынды ағалар елді өрге сүйреген, ағалар салған жол ұмытылар емес.**

**Қазір шаруашылық Кеңес Одағының Батыры Жақыпбек Махамбетов есімімен аталады. Жуырда ауыл әкімі Ақарыс Нұрсейітовпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.**



*– Ақарыс Дүйсенбайұлы, Сіз ең жас әкім көрінесіз. Алғашында қиналған сәттер көп болған болар?*

– Иә, 28 жасымда ауылға әкім болып тағайындалдым. Қиналған сәттер кезікті. Азамат жастық шағында тер төгу керек. Ғани Мұратбаев 19 жасында шығыс жұлдызы атанса, Шоқан отызға жетпей орыс ғылымдарын таңырқатты, Потанин мойындады. Саттар Ерубаев 23 жасында "Менің құрдастарымды" жазды ғой! Айта берсем, мысалдар көп. Бұрынғылардың отызында орда бұзбасаң, қырқында қамал алмайсың деген сөзі бар ғой. Алдыңғы толқын ағалардың ақыл-кеңесімен, қала әкімінің қолдауымен елді басқарып, бой тіктеп келеміз. Ауыл жылма-жыл көркеюде. Халық саны бізге қосылған "Наурыз" саяжайын қосқанда он мыңға жуықтайды. Екі орта мектеп, дәрігерлік пункт, кітапхана, мәдениет үй, байланыс бөлімшесі, төрт балабақша, ардагер Батырхан Остаевтың басшылығымен мұражай жұмыс істейді.

Ауылдың жер көлемі – 18230 гектар. Осынау жер байлығын игеруде 42 шаруашылық әртүрлі кәсіппен айналысады. Мал шаруашылығымен 16, егін шаруашылығымен 3, бір балық өсіретін шаруашылық бар. Жеңіл көліктері бар жүзге жуық ауыл тұрғыны халыққа қызмет көрсетеді. Қысқасы, іргелі ауылда әр ұлттың өкілдері бірлікпен еңбек етеді. Былтыр отызға жуық отбасы отау құрды. Мерейтойлар көбеюде.

*– Кеңес Одағының Батыры Жақыпбек Махамбетов ауылында тұратындарыңыз мақтаныш. Бүгінгі ұрпаққа ер есімін насихаттаудағы қадамдарыңыз жайында не айтар едіңіз?*

– Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында бірқатар шаралар іске асырылмақшы. Сұрапыл соғысқа бір ғана біздің ауылдан 464 азамат қатысты, бұлардың тең жартысы оралмады. Қазір ауылда көзі тірі майдангер жоқ. Енді біз майдангерлер шаңырағына қамқорлықты жалғастыру мақсатында мектеп ұжымымен бірлесе отырып, Тимуршылар командасын құрдық. Әр отбасын есепке алып, үйлерін жөндеуге, материалдық көмек беру дәстүрін қалыптастырдық. Мысалы, Б.Орманбаевтар отбасынан соғысқа аттанған 4 азамат оралмады, бұл шаңырақ біздің басты назарымызда. Ауылда "Мәңгілік алау" атты аллея бар. Аллеяда соғыстан оралмағандардың есімдері алтын әріппен жазылған. Сонан соң бірнеше көше майдангерлер есімімен аталады.

*– Әкім мырза, Батыр Жақыпбек Махамбетовтің сұрапыл соғыстағы ерлігі сіздің есіңізде болар деп ойлаймын.*

– Әрине. Бұл ерлік ұмытылмайды. Батыр аға 1912 жылы туған. 1942 жылы соғысқа аттанған, 1943 жылы Днепрден өту кезінде пулемет оғымен арғы беттегі жаудың бір танкісін, 3 жүк көлігін, жүзге жуық солдатын жойып жіберген. Осыған орай, 1944 жылғы 22 ақпандағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указымен 254-ші атқыштар дивизиясының 933-шы полкінің пулеметшісі аға сержант Жақыпбек Махамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Міне, біз батыр есімін осылайша есте ұстап, бүгінгі ұрпақтың жүрегіне ұялатудамыз.

*– Ауылды көркейтуде қандай игі қадамдар бар?*

– Бір ғана соңғы үш жыл ішінде ауылда мәдениет үйі, мектеп, екі балабақша, бір амбулатория салынды. Елді көркейтуге жылма-жыл қаржы мол бөлінуде. Ауыз су мәселесін шешуге 590 млн. қаржы бөлініп, әр үйге су құбыры тартылды. Көшелерді электр жарығымен қамтамасыз ету үшін қосымша трансформатор, 200 бағана орнатылды. Ауыл тіршілігін назарда ұстап отырған облыстық мәслихаттың депутаты Н.Ерманов, қалалық мәслихат депутаты М.Есжановтың еңбегі ұшан-теңіз.

– Елге еңбегі сіңген азаматтар жайында не айтар едіңіз?

– Әлгі әзірдегі әңгімеде біраз әңгімені суыртпағандай едім. Ел ағалары Баттал, Ақмолада, Бекіш, Бекбау, Бабаш, Дұтбай, Ақмырза, Остай, Бодық, Адыран, Еркесары, Петр Тілепбаев, Нұрмағанбет Өткелбаев, қазіргі көзі тірі ардагерлер Батырхан, Жақсылық, Қаппар, Мырзабек, Қадыр, тағы басқаларға әркез құрметіміз бөлек. Перовскі уезінің төрағасы болған Жөкен Жолмағанбетов біздің топырақтың перзенті. Шаруашылықты ұзақ жыл басқарып, кейінгі ұрпаққа эстафетасын тапсырған ағалар есімі ұмытылмайды.

Ауылда тылда еңбек еткендер көп, 30 "Батыр Ана" тұрады. Бұлармен жиі кездесу өткіземіз, сый-сияпат жасау күн тәртібінен түспейді.

– Проблемалар жайында пікіріңіз?

– Әрине, өмір проблемадан тұрады. Тіршілік бар жерде проблема туындай береді. Бәрін бір күнде шешу мүмкін емес. Көшелерді асфальттау, жұмыс орындарын ашу, зейнеткерлер мен мүгедектерге қамқорлық аясын кеңейту, көше мәдениетін көтеру, әр тұрғынның ауласын таза ұстау, тәртіп мәселесіне ортақтасу парызға айналуы керек. Әлі де ардақтай түсетін, есіміне көшелер беретін оншақты азамат тұр. Ұсыныс бердік, бұл да жүзеге асырылмақшы.

*– Алда Жеңістің 70 жылдық мерекесі келе жатыр. Бұл айтулы оқиға. Әзірлік жүріп жатқан болар?*

– Бұл жеңіс оңайға түскен жоқ. Қаһарман ерлік, тарихта өшпес із қалдырды. Ауылдағы "Мәңгілік алауды" одан әрі абаттандыруды қолға алмақшымыз. Ағалар есіміндегі көшелерді көркейтеміз. Майдангерлер шаңырағын есепке алып, олардың отбасында жауынгер ерліктері жайында әңгімелер, кездесулер, кештер, жарыстар өткізу жоспарда тұр. "Біз Батыр ауылында тұрамыз" атты әнжыр сайысын жалғастырамыз. Осы бір сәтте, бүгінгі ұрпақ өздерінің Батыр ауылында тұратынын тағы да мақтанышпен айтатын болады.

– Рахмет!

Сұхбаттасқан
**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.**


# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Арал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй. Тел: (8-724-33) 2-11-62, 2-22-33. Aralkalasy@mail.ru «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**Арал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары (E-R-2 санаты (индекс: (№ 02-1) – 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай теңгеден 98016 теңгеден 132610 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда)**

**Функционалдық міндеттері:**

Қазақстан Республикасы Заңдары, ҚР Президентінің Жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, облыс және аудан әкімдерінің қаулылары, шешімдері мен өкімдерінің, тапсырмаларының бақылауда тұрған құжаттардың және арыз-шағымдардың орындалуын қамтамасыз етеді. Облыстық басқармадан сұратылған жедел ақпараттар бойынша жұмыс жасайды.Еңбек нарығы жағдайы және аймақтағы жұмыс күшіне сұраным мен ұсынымды талдау, болжау, халыққа, атқарушы органға еңбек рыногының жай-күйі туралы хабарлап отыру.«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасына сәйкес жұмыстарға бақылау жасау. Қазақстан Республикасы мүгедектерді жеке оңалту бағдарламасы Заңының орындалуын жүзеге асырады. Мүгедектердің жеке оңалту бағдарламасының орындалуына талдау жасалуына және ай сайынғы есептерін тапсыруына бақылау жасау. Бөлімнің ұйымдастыру, кадр, есеп және әлеуметтік төлемдердің уақытылы төленіп, есептерінің беріліп отыруын қадағалап отыру. «АӘК, МБЖ, ТҮК», «Е-собес», «Еңбек нарығы», «Е-Акимат» және «ИИС ЦОН» автоматтандырылған бағдарламаларына мәліметтерді енгізу жұмыстарына бақылау жасайды. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жұмыссыздарды оқыту, тіркеу және атаулы әлеуметтік көмек, мемлекеттік жәрдемақы төлеуді ұйымдастыру. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, балалы отбасыларға тағайындалатын жәрдем ақы және тұрғын үй көмегін тағайындау, төлеу жұмыстарын бақылау жасайды. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады. Еңбек тәртібі мен мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексінің талаптарын сақтауға міндетті.

**Үміткерлерге қойылатын талаптар:**

Жоғары гуманитарлық, экономикалық немесе заңгерлік білім.

**Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:**

1)мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Арал ауданы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) Нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылғын көшірмелері;

4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариатты куәландырылған көшірмесі);

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілерімен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Арал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй, 24-бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Арал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

E-R-2 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**Арал ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.**

ДӘНЕКЕР

**Төрт-бес жасында отыра қалып қағаз сызғылайтын Афрайльға әкесінің көңілі тола бермейтін. «Өнетін шаруаға үйір болсаң қайтеді, – дер еді басын шайқап отырып. – Әлі кішкентай ғой, есейе келе өз жолына түсер, әзіргісі балалық әуестік шығар, – деп ілешала баласын ақтай сөйлейтіні де бар-ды Шамильдің. – Несін айтасың, – деп осы сәт шешесі де сөзге араласар еді, өткенде бір сомдық ақшаны айнытпай салыпты, тағы бірде Ленинді саламын деп әуреленіп жатқанын байқадым. Сонда сұмдық қорықтым, ел ауып, жер ауып, қайтсек жанымыз қалады деп әзер жүргенімізде тағы бір пәлені басымызға жамап alармыз деп ойладым да, қағазы мен қаламын тығып тастадым. Бірақ, бәрібір тауып ала беретіні бар мұның.**

# БЕЛГІЛІ ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ
## достықты бейнелейтін туынды салады

Осы тұрғылас әңгіменің көктемгі залалсыз жел самалындай оқтын-оқтын көтеріліп тұратыны бар-ды. Қайтсін-ай, енді, аузы күйгеннің үрлеп ішетіні бар емес пе...

Герман-КСРО соғысы кезінде жеке адам түгілі тұтас ұлттарға сенімсіздік көрсетіліп, қуғын-сүргін жиілеп жатты. Сонау 1944-жылы Грузиядан месхед түріктері бір аптаның ішінде депортацияланды. Орта Азия елдері мен Қазақстанға. Нәсілі жағынан оларға жақындау курдтарды қоса алғанда 115 мың адам ата-баба мекен еткен жерінен дүр көтерілген екен. Пенде шіркін, қысқа өмірінде талай қызықшылықты да, қиыншылықты да көретін шығар, ал мына жағдайдың сұрқы бөлекау! Кіндік қаның тамған туған жеріңнен аластатылу айтары жоқ, өкініш. Қайтерсің, басқа түскен баспақшыл деген емес пе, шыбын жанының амандығы мен сәбилерінің қасында қалғанына шүкіршілік етіп, мал тиейтін вагондарға тығылыса таласқан жоқ па сол кездері.



Тағдыр тәлкегімен Қазақстанға табан тірегендердің қатарында ерлі-зайыпты Шамиль мен Азаматтың да шаңырағы бар еді. Әуелі Арал қаласы маңына келіп жайғасты. Содан екі жыл өткен соң осы Жаңақорған кентіне келді ғой бұлар. Бұл жерде қайбір нағашысы бар, дегенмен өздері де соғыс салған ауыртпалықтан арыла алмай жатқан халық бұларға барын берді. Қыстақтың бір шетіндегі ескі тамды қыстап шықты. Әкесі мал бақты, шешесі колхоз жұмысына араласты.

– Біз тіптен кішкенеміз ғой, жергілікті қазақтардың бізді жатырқамай қарсы алғандығын бала болсақ та сезетін едік. Үйлеріне шақырып, айран-сүтке тойғызып, қолдарымызға таба наннан ұстатып жіберетіндері есімде. Қазір сол мекен Жаңа ауыл аталынады, – деп есіне алады сол шақты ол. Бастауыш мектепке де осы Жаңақорғанда барды біздің бүгінгі кейіпкеріміз, ұлты түрік суретші кісі Афрайл Шамилоғлы.

1958 жылы мектеп бітіре салысымен ол Қызылордадағы №26 құрылыс училищесіне оқуға түсті. Аталмыш оқу ордасы Ресей оқу орнының филиалы болатын-ды. Оны жақсы тәмамдап, мамандығына сай жұмыстар атқарды. Кейіннен Мәскеудегі өнер институтында өз білімін жалғастырды. Арада екі жыл отбасы жағдайымен Украинада тұрып келгендігі бар, алайда саналы ғұмырының дені осы Жаңақорған жерімен, осындағы халықпен сабақтас. Суретші ретінде танылды. Аудан орталығындағы №169 орыс мектебінде, бертінде №51 Қ.Мұхамеджанов атындағы қазақ орта мектебінде сурет және сызу пәнінен дәріс берді.

Жаңақорғандықтардың бәрі Афрайлды жақсы таниды, ол да өз кезегінде ауылдастарын сыйлап, көбісін жақын-туыстарындай көріп жүреді.

– Бір жағымызда Қаратау, екінші жағымыз Сырдария. Темір жолымыз бен асфальт жолы да аудан орталығы арасынан өтеді. Өте қолайлы мекен ғой бұл. Оның адамдары да барынша қарапайым, еңбеккер. Оның үстіне мемлекетімізде әркімнің кәсібін өркендетуге жол ашық. Сондықтан тұрмысымыз, жағдайымыз өте жақсы. Жан жарым Хайрия екеуіміз бес ұлқыз өсірдік. Бәрі де аяқтанған, өздерінің отбасы, тірліктері бар. Тату-тәтті өсіп-өніп келеді, – дейді ол ағынан жарыла әңгіме айтып.

Ия, кейіпкеріміз суретші түрік Афрайл Шамилоғлы осындағы отыз шақты түрік отбасылары арасындағы беделділерінің бірі. Ақсақалдық жасқа жеткен ол кезінде аудан орталығын көркемдеу жұмысында өзіндік қолтаңбасын қалдырса, алдағы жоспары бойынша, халықтар достығын бейнелейтін үлкен полотно салуды көздейді. Сондай-ақ, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мен КСРО халықтарының басындағы баяғы қиыншылық күндерді де қылқаламмен өрнектегісі келеді.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған қыстағы.





Арақты таста! Жаңа өмір баста!




«АлкАтекАктив» – бұл:
- алкогольге тәуелділіктен арылтатын табиғи кешен;
- алкогольге құмарлықты өзгертетін табиғи құрам;
- жүрек-қан тамырлары, жүйке, ас қорыту жүйелері мен бауырдың ферменттік жүйесіне табиғи әсер ету формуласы.

Сәйкестік сертификаты РОСС RU.AE-96H06507 от 12.12.2013

Мен – ерекше, кәсіпқой әрі күшті шипа беруші, сонымен қатар ешқандай да жоғары білімсіз, дипломсыз нарколог-пын! Бұлай деуімнің себебі – маскүнем күйеумен он жылдық отбасылық өмір тәжірибем бар және қол жеткізген нәтижем барлық медициналық дипломдардан артық. Мен күйеуімді арақтан бір жылдың ішінде ажыратып алдым.

Бұрын күйеуім үнемі ішетін, екі-үш аптаға дейін тоқтамай салынып ішетін кездері болған. Үйдегі бес жасар қызым Катя екеуміз үшін бұл тозақтан бетер еді. Күйеуім ылғи ұрыс, төбелес шығаратын, бағалы заттарды, видеотехниканы, киімдерді, басқа да бұйымдарды араққа сатып жіберетін. Бірде тіпті маған балта ала жүгірген кезі бар. Абырой болғанда, көршілер таяу маңнан табылып, көмектесті.

Күйеуім кейде салынып ішуін доғаратын. Мұндайда ол сауығып, бірақ солғын тартып жүреді. Өкінеді. «Үлгілі отағасы» кезеңі басталады.

Ол жұмысқа тұрды, бала тәрбиесіне қарайтын болды. Ал кейін бұрынғы қылығын қайта бастады...

Бірде мен өзіме: «Жетер! Біздің отбасында енді маскүнемдікке жол жоқ!» – дедім. Өйткені әбден мезі болған едім, бұл тозақтан құтылу үшін барлығын жасап баққанмын. Күйеуім «кодталды», наркологиялық диспансерде де, биотокпен де емделді. Олардан әсер болды, бірақ ұзаққа созылмайтын.

Қысқасы, алдыңғы жылы мен маскүнемдікке ұшырап, оның тырнағынан құтылған адамдардың нақты тәжірибелерін зерттеуге кірістім. Мен халықтық тәсілдерге назар аудардым, арақты тастаған адамдарға телефон шалдым, хат жаздым, олармен кездестім. Ақырында маған маскүнемдікпен күресте көмектесетін ескі халықтық ем негізінде жасалған жаңа, заманауи құрал жөнінде жұрт аузынан естігенім жәрдем берді. Бұл құрал ғасырлар бойы қолданылу тәжірибесінен өткен екен.

Мен оның құрамына кіретін табиғи компоненттердің бауырдың алкогольді өңдеуге жауапты ферменттеріне, бауырдың ғана емес, ұйқы безінің де атқарымдық күйіне белсенді әсер ететінін білдім. Ол сондай-ақ алкогольдік синдромның алдын алады, ішкіш адамның психикалық және эмоциялық күйлерін қалпына келтіреді екен. Ал, тәжірибе жүзінде анықталған ең бастысы, ол ас қорыту деңгейінде алкогольге деген жиіркенішті туындатады.

Қазір, нақты нәтиже көргеніме бір жыл толғаннан кейін патенттеліп, «АлкАтекАктив» деген атауға ие болған бұл ерекше табиғи формула жөнінде батыл түрде айта аламын. Ол біздің отбасы үшін құтқарушы болды. Қазір күйеуім арақты татып алмайды.

Мені маскүнемдікпен өмір сүріп азапқа түсіп жүргендердің барлығы да түсінеді ғой деп ойлаймын.

Оның құрамындағы ААА@ – алкогольге құмарлықты және алкогольден улану кезіндегі жайсыз әсерлерді өзгертетін патенттелген өсімдіктекті кешен.

ААА@ – тау өсімдіктерінің табиғи қуаты мен емшіліктің ғасырлық тәжірибелерін және алкогольге тәуелділік кезіндегі емнің тибеттік әсер ету тәсілдерін біріктірген табиғи таза құрылым.

Құрамында ААА@ табиғи сығындысы, копринус (шампиньондар тобына жататын, маскүнемдікке қарсы қолданылатын ақ түсті саңырауқұлақ), қарапайым түлкішек (лисичка обыкновенная), жайылып, сұлап жатып өсетін жебіршөп (тимьян ползучий), годжи (Азия аумағында өсетін дәрілік өсімдік) жемісі, сүйментамыр (любисток), асылтекті лавр, шұрық-тесікті шайшөп (зверобой), ащы жалбыз (мята), дәрібалдырған (дягиль) және артемиядан (теңіздің таяз аумағында, тұзды көлдерде тіршілік ететін шаянтәріздес жәндік) алынған шипалы заттар бар.

БАҒАСЫ – 2500 ТЕҢГЕ, ЕМДЕУ КУРСЫ – 6 ҚОРАПША

АлкАтекАктивтің, «Алтай шипагері» бальзамының, «Тас майы+7»-нің айрықша қасиеттері туралы сіз мына күндері өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:
*Қызылорда қаласында 17-ақпанда сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін №3 гимназия, Жанқожа батыр көшесі, №5*

*Байланыс телефондары:8-701-677-42-42, 8-777-114-13-20*

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Қалтаева Жадыра Мaратқызының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы №219 Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін 19.06.2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №161737 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Яшкур Кенжебек Шамшадинұлының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ботабай ауылындағы №228 орта мектепті 20.06.2014 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №0733826 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Серимбетов Есимжан Нургалиевичтің атына Арал қаласындағы №62 орта мектептің 9 сыныбын 07.07.1997 жылы бітіргені жөнінде берілген НМК №0707246 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Суюндыкова Бисенкульдің, Суюндыкова Алтынай Абдыгаппаровнаның, Суюндыков Марат Абдигаппаровичтің, Суюндыкова Акжан Абдыгаппаровнаның, Суюндыков Абдыгаппар Куандыковичтің, Суюндыкова Айнамкоз Абдыгаппаровнаның, Суюндыкова Жаркынай Абдыгаппаровнаның аттарына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сырдария м/а, 1 А үй, 29 пәтерге берілген жекешелендіру келісім-шарты (№617 10.12.2014 ж.), техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Караматов Шынгысхан Нагызхановичтің атына Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылындағы №247 орта мектепті 20.06.2003 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1006987 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабының және ҚР ҚОҚМ 07.05.2007ж. №135-п бұйрығымен (23.03.2013ж. өзгерістер мен қосымшаларымен) бекітілген «Қоғамдық тыңдауларды өткізу Ережелерінің» 9-пунктінің талаптарын орындауда «KAZPETROL GROUP» ЖШС «Хайыркелді Оңтүстіктің туынды жерінің технологиялық зерттемесінің нобайларына» арналған «Алдын-ала қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық пікірлердің есебін жүргізудің түрі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылыққа хабарлап, қоғамдық тыңдау өткізу жолымен анықталды.

Қоғамдық тыңдау 2015 жылдың 25 ақпанында сағат 12.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінің мәдениет үйінде өткізіледі.

Бұл жоба Қызылорда облысының экологиялық департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамасына берілгенін хабарлаймыз.



бұрын 106 кг

**Доктор Р.Хайруллина тәсілімен жылдам әрі оңай арықтаңыз.**
**Нәтижесі 100 %.**
• Біздің әдісіміз ғылыми дәлелденген және 20 жыл бойы патенттелген.
• Сізге ашығудың және калория есептеп жатудың қажеті жоқ.
• Сеанстан соң Сіз тәттіден және ұн тағамдарынан оңай бас тартасыз.
• Біз Сізбен 4 ай ғана жұмыс жасаймыз, сөйтіп тамақтану тәртібіндегі жаңа өзгерістерге қалыптасуыңызға көмек береміз. www.pohudet.kz
• Кеңес беру тегін!
**Сеанс Қызылорда қаласында 2015 жылдың 21 ақпанында сағат 16.00-де болады.**



қазір 68 кг.

**Тел.: 22-38-22, 8-705-411-64-98, 8-775-803-75-57.**

ШАРА

# ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕН ҚОРҒАН

**4 ақпан – Дүниежүзілік қатерлі ісікке қарсы күрес күні. Осыған орай ағымдағы жылдың 2-11 ақпан аралығында еліміздің барлық өңірлерінде «Бұл қолымыздан келеді!» ұранымен онкологиялық аурулардың алдын алу және ерте кезеңде анықтауға арналған онкүндік өтуде.**

Аталған онкүндік біздің өңірімізде де басталып, акция аясында бірқатар шаралар ұйымдастырылуда. Медициналық колледжде өткен «Біз қатерлі ісіктің алдын аламыз!» тақырыбындағы акция солардың бірі. Студенттер мен сала мамандары қатысқан шарада облыстық онкология орталығының директоры Кәрібай Төлеутайұлы өткен жылғы аймақтың қатерлі ісік ахуалына тоқталып, онкология орталығының атқарған жұмысымен таныстырды. Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Қайрат Мырзахметов ауруды ерте анықтау, дер кезінде еммен қамту мақсатында елімізде жүргізіліп жатқан скринингтік тексеру жұмыстарының маңыздылығы жөнінде әңгімелеп, жастарды уақытылы профилактикалық тексеруден өтіп тұруға және өздері ғана емес жақын-жуықтарын, туған-туыстарын, таныстарын да тексеруден өтуге үгіттеуге үндеді.

Айта кету керек, онкүндік аясында облыс көлеміндегі барлық медициналық мекемелерде және онкодиспансерде «Ашық есік» күндері өткізіліп, гинеколог, уролог және онколог, маммолог мамандары тұрғындарға тегін кеңес беруде. Онко-қырағылықты арттыру және онкологиялық аурулардың алдын алу мәселелері бойынша семинарлар және халық көп жиналатын орындарда, мәселен, супермаркеттерде, авто және темір жол бекеттерінде, кәсіпорындарда, білім беру ұйымдарында кең ауқымды іс-шаралар өткізілетін болады. Айта кету керек, медициналық колледж студенттерінен құралған ерікті жеті топ қала көлемінде түрлі нысандарда азаматтарға скринингтен өтуге шақыртулар және ақпараттық материалдар таратады.

Онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітімді азайту – «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі.

Бүгінгі таңда отандық денсаулық сақтау ұйымдарында обырды диагностикалау және емдеуге қажетті барлық озық технологиялар бар. Әсіресе, ауру ерте кезеңде анықталған жағдайда науқас үшін обырдан толықтай айығып кетуге мүмкіндік бар. Профилактикалық медициналық тексерістер қатерлі ісіктің алдын алуда және ерте кезеңде анықтауда ең тиімді амал болып табылады.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің 57- бабының 3- тармағына сәйкес «AralMunaiGas» ЖШС «AralMunaiGas» ЖШС-ның келісім-шарттық аумағында толықтыру іздестіру жұмысына қоршаған ортаға тигізетін әсерін алдын-ала бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Барлық мүдделі азаматтарға, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар мен бірлестіктерді қоғамдық тыңдау өткізілетіні жөнінде хабарлаймыз. Қоғамдық тыңдау 2015 жылдың 27 ақпанында сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізіледі: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, «Байқоңыр» бизнес-орталығы.

Барлық сұрақтар бойынша: 8 (7122) 355133, электрондық пошта Atyrau@cer.kz Байланысатын тұлға: эколог Шигаева Е.А.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24726
Тапсырыс № 122
Электронды оқылым 28000.